Сұлы (лат. *Avena*) – астықтұқымдасына жататын біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдік. Ол бүкіл әлемде Poaceae шөптер тұқымдасының бір бөлігі ретінде 2000 жылдан астам уақыт бойы өсіріліп келеді [81]. Сұлы дақылы жүгері, бидай, күріш, арпа, құмай және тарыдан кейінгі жетінші орындағы ең көп өндірілетін дәнді дақылдар қатарына жатады. 2021-2022 жылдарда жаһандық сұлы өндірісі шамамен 22,7 миллион метрикалық тоннаны құраған. Жетекші өндіруші елдер Ресей, Канада және Австралия [82]. 2023 жылы АҚШ 57,05 миллион пұт сұлы өндірген [83]. Бұл дақыл сорты мен өсіру аймағына байланысты >7000 кг га⁻¹ биомассаны (құрғақ масса) құрайды [84]. Сұлы биомассасы негізінен сабан мен қауыздан тұрады. Азық-түлік мақсатында өсірілетін сұлыны жинап, өндегеннен кейін қалатын бұл лигноцеллюлозды қалдықтар перспективалы ресурс ретінде целлюлозалық материалдар алуда үлкен мүмкіншілікке ие. Себебі, сұлы сабанының құрамында 31-41% целлюлоза, 20-30% гемицеллюлоза және 10-22% лигнин кездеседі [85] (3-сурет). Құрамындағы гемицеллюлоза тармақталған құрылымға ие және негізінен ксилоза, арабиноза және галактоза сияқты сахаридті полимерлерден тұрады. Ал, сұлы қауызындағы негізгі гемицеллюлоза полимері – ксилан. Целлюлозалық материалдарды өндірудің жалпы стратегиясы гемицеллюлоза мен лигнинді жоюды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, сұлы қауызының валоризациясы биомассаның композициялық құрылымына байланысты бірнеше қиындықтарды шешуді қажет етеді. Жалпы сұлы дақылының лигноцеллюлозалық құрамы этанол, биогаз, ксилит, гидрогельдер, полипропилен композиттері және ксиланаза алуда кеңінен қолданылады [86].



Сурет 3 – Сұлы қауызының лигноцеллюлозды химиялық құрамы

Күнбағыс – астра тұқымдасына (лат. *Asteraceae*) немесе көпгүлділердің (лат. *Compositae*) күнбағыс тұқымдасына (лат. *Helianthus annuus* L.) жататын біржылдық өсімдік. Ол әлем бойынша төртінші ірі майлы дақыл болып саналады. Оның тұқымдары көбіне

тағамдық өсімдік майын өндіру үшін пайдаланылады, ал кептірілген сабағы мен қалдықтары – отын көзі ретінде қолданылады [87,88]. Сонымен қатар, күнбағыс – ежелгі дәуірлерде сәндік және ритуалдық мақсаттарда да қолданылған мәдени өсімдік. Қазіргі таңда бұл қалдық әртүрлі салаларда пайдаланылуда, атап айтқанда: органикалық тыңайтқыш ретінде [89], жануарларға арналған жем қоспасы ретінде [90], агломерацияланған панельдер өндірісінде, ксилозалар мен фурфурол алуда [91,92]. SFH-тің басым бөлігін отын ретінде пайдалану, оның табиғи ресурс ретінде потенциясын толық қолдануға мүмкіндік бермейді [93,94].

Өсімдік майын өнеркәсіптік өндіру кезінде өңделген күнбағыс тұқымының шамамен 20% қауыз түрінде бөлініп шығады. Бұл агроқалдықтың энергетикалық потенциалы жоғары болғандықтан биоотын ретінде кеңінен утилизацияланады [95]. Алайда, SFH құрамындағы целлюлоза, гемицеллюлоза және лигнин мөлшері қалдықты тек энергия көзі ретінде емес, сонымен қатар өнеркәсіптік қайта өңдеу және биополимерлер өндірісіне арналған шикізат ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, [96-98] зерттеулерде SFH құрамында целлюлоза мөлшері 41%–50% аралығында болатындығын көрсетсе, [7,100] еңбектерде органосольвенттік тотықтыру әдісін қолдану арқылы микрокристалды целлюлоза (МСС) алудың тиімді параметрлері анықталып, целлюлозаның шығымы 47,8% екендігі дәлелденген. Бұл күнбағыс қауызының балама шикізат көзі ретінде тиімді шикізат екендігін айқындайды. Ал, [101,102] зерттеу жұмыстарында SFH құрамындағы химиялық компоненттердің мөлшері мен сапалық құрамы оның сорт ерекшелігіне, өсірудің топырақ-климаттық жағдайларына және агротехникалық әдістерге тікелей тәуелді екендігі анықталған.

Күнбағыс тұқымының химиялық құрамы мен физико-химиялық қасиеттері жөніндегі мәліметтер әртүрлі зерттеулерде әрқалай сипатталады. Бұл айырмашылықтар, ең алдымен, күнбағыс тұқымының әртүрлі сорттық ерекшеліктерімен, сондай-ақ балауызды бөліп алу мен талдау әдістерінің әртүрлі болуымен байланысты [103].

Полисахаридтер. SFH-те полисахаридтердің негізгі бөлігін целлюлоза мен гемицеллюлоза құрайды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, целлюлозаның мөлшері шамамен 67%, ал гемицеллюлозаның үлесі 35%, ал холоцеллюлоза 62,5%-дан аспайды [103,104]. Қауыздың ылғал сіңіру қабілеті, негізінен, оның құрамындағы гидрофильді қасиеті бар целлюлозаның массалық үлесімен анықталады.

Көмірсулар. Қауыздағы көмірсулар қозғалатын (моносахаридтер және олигосахаридтер) және қозғалмайтын (структуралық көмірсулар) екі түрлі формада кездеседі. Моносахаридтер мөлшері аз болғанымен, олардың болуы биологиялық белсенділік пен өсімдіктің метаболизміне әсер етеді [105].

Майлылығы жоғары күнбағыс сорттарының қауызында целлюлоза мөлшері майлылығы төмен сорттарға қарағанда 3-4% жоғары, ал лигнин мөлшері шамамен 2% артық. Бұл айырмашылықтар қауыз тіндерінің механикалық беріктігі мен серпімділігін арттырып, оларды техникалық мақсатта өңдеуге қолайлы етеді [103].

Лигниннің құрамы: Күнбағыс тұқымы қауызындағы лигнин мөлшері [105] зерттеу нәтижелері бойынша 23-35% аралығында өзгереді. Майлылығы жоғары сорттарда лигниннің үлесі 29,56%, ал майлылығы төмен сорттарда 27,32%-ға дейін жетеді. Лигнин өсімдік жасушаларының беріктігіне жауап беретін негізгі құрылымдық компоненттердің бірі болып табылады. Оның мөлшері мен қасиеттері көбіне экстракция әдістеріне тәуелді.

Ақуыздар. Күнбағыс тұқымы қауызындағы (SFH) ақуыз мөлшері небәрі 6,0%-дан аспайтындықтан, оның тағамдық құндылығы төмен деп бағаланады. Бұл көрсеткіш SFH-ның құрамындағы ақуыздардың шектеулігін және коректік тұрғыдан жеткіліксіздігін көрсетеді. Күнбағыс дәнінен алынған ақуыздардың аминқышқылдық құрамы тұқым ақуыздарының құрамымен ұқсас болғанымен, оларда триптофан аминқышқылы болмайды, бұл ақуыздың толыққандылығын төмендетеді [105]. SFH құрамынан 28 түрлі аминқышқылы анықталған [104]. Олардың арасында ағза үшін маңызды саналатын: треонин, валин, метионин, изолейцин, лейцин, лизин, фенилаланин секілді алмастырылмайтын аминқышқылдар бар. Сонымен қатар, бос аминқышқылдарының шығымы (абсолютті құрғақ зат массасына шаққанда) небәрі 0,08% құрайды, бұл көрсеткіш SFH құрамындағы аминқышқылдардың еркін күйде өте аз мөлшерде кездесетінін білдіреді.

Кесте 2 – Күнбағыс тұқымы қауызының химиялық құрамы

№	Химиялық құрамы	Массалық үлесі, %	Зерттеу көздері
1	Экстрактивті заттар		
	Бензолда экстракцияланатын заттар	1,1	[106]
	Суда экстракцияланатын заттар	13,8	[107]
	Азотсыз экстрактивті заттар	34,7-39,5	[108,109]
2	Органикалық заттар		
	Целлюлоза	20,0-67,0	[107,110]
	Гемицеллюлоза	18,0-35,0	[108,110,106]
	Қиын гидролизденетін целлюлоза	28,7	[106]
	Холоцеллюлоза		[107]
	Оңай гидролизденетін полисахаридтер	22,2	[106]
	гидролизденбейтін полисахаридтер	32,1	
	Гексозандар	33,8	[106]
	Пентазондар	26,0-32,0	[108,110,111]
	Урон қышқылдары	25,9	[106]
	Полиуронидтер	0,4	[106]
	Оңай гидролизденетін глюкан	4,5-4,6	[106]
	Галактурон қышқылы (ангидрид түрінде)	0,3	[106]
	Глюкурон қышқылы (ангидрид ретінде)	7,2	[106]
	Оңай гидролизденетін ксилан	9,7	[106]
	Оңай гидролизденетін арабан	2,3	[106]
	Липиттер	0,5-5,2	[107,112]
	Сірке қышқылы	3,2	[106]

	Метанол (Урон қышқылдарымен күрделі эфирлік қатынаста)	0,2	[106]
	Кутин	0,3	[106]
	Лигнин	23,0-35,0	[107,108,109]
	Белоктар	1,9-5,8	[109,112]
	Бос амин қышқылдары	0,1	[112]
3	Функционалды топтар		
	Метоксиль топтары	4,6-4,9	[18,24]
	Карбоксиль топтары	1,8	[63]
	Минералды заттар		
	Күлділігі	1,29-4,6	[107,109]
	Na ₂ O	0,45	[111]
	K ₂ O	19,9-38,3	[106, 111]
	P ₂ O ₅	4,2-6,0	[106]
	MgO	8,7-11,5	[106]
	CaO	12,4-17,1	[106]
4	Элементтер		
	Азот	0,63-5,8	[107,110]
	Көміртегі	42,0-57,0	[104,110,112]
	Сутегі	1,4-6,5	[107,109,110]
	Оттегі	29,7-47,8	[107, 110,111]
	Күкірт	0,05-0,13	[107,111]

Фенолды қосылыстар. Фенолды қосылыстар көбінесе күнбағыс дәнінде кездеседі, ал қауызда олардың мөлшері өте төмен болып келеді. Күнбағыс тұқымы қауызынан хлорогендік, кумариндік, ферулдік, циннамиктік және кофеин сияқты фенолды қосылыстар бөлініп алынған, бірақ олардың арасында хлороген қышқылының мөлшері ең жоғары болып табылады [113]. Сонымен қатар, [114] зерттеуде авторлар майлылығы төмен SFH үлгілерінен кофеин және ферул қышқылдарын қоса алғанда, он бір түрлі фенолды қосылысты бөліп алған. Бөлініп алынған қышқылдардың ішінде хлороген қышқылы 26,6-59,1 мг/100г аралығында болды. Ал фенолды қосылыстардың жалпы мөлшері 45,1-86,0 мг/100г құрады. Фенолды қосылыстардың биологиялық белсенділігі жоғары болып табылады. Олар капиллярларды күшейтіп, бактерияларға қарсы және антиоксиданттық қасиеттері арқасында ағзадағы кейбір аурулардың дамуына кедергі келтіреді [114]. SFH-тен антиоксиданттарды алу процесін оңтайландыру үшін ферментті өңдеу әдістері қолданылады [115].

1.2 Ауылшаруашылық қалдықтарынан микрокристалды целлюлоза алу әдістері

Қазіргі уақытта ауылшаруашылық қалдықтарын өртеу – әлі де көптеген елде кеңінен қолданылып келе жатқан әдіс. Алайда, агроқалдықтарды жағу атмосфераға орта есеппен миллионға шаққанда 12–60 ppm концентрацияда зиянды түтін бөлетіні дәлелденген [116]. Мұндай әрекет

тек экологиялық ластануға ғана себепші болып қоймай, екі жақты тиімсіздікке әкеледі: біріншіден, биомассадағы құнды қоректік заттар жойылса, екіншіден, оларды пайдалы өнімге айналдыру мүмкіндігі жоғалады [117,118]. Мысалы, бидай сабанының құрамында жоғары мөлшерде целлюлоза болғандықтан, оны тек мал азығы немесе отын ретінде емес, сонымен қатар жіп, қағаз, биоотын және биополимер сияқты қосымша құнды өнімдер алу үшін тиімді қолдануға болады [119,120]. Осылайша, ауылшаруашылық қалдықтарын кәдеге жарату – экологиялық қауіп-қатерді азайтып қана қоймай, нақты биоэкономикаға көшуге ықпал етеді.


Целлюлоза – табиғи жолмен жаңартылатын, биоүйлесімді және улы емес биополимер болып табылады. Оның құрылымындағы көпсанды гидроксил топтары оны химиялық түрлендіруге бейім етіп, әртүрлі байыту және бөлу технологияларында қолдануға мүмкіндік береді [121,122]. Мұндай қасиеттер целлюлозаны тек қағаз өндірісінде ғана емес, сонымен қатар медицина, фармацевтика, полимер технологиясы және биопластик салаларында да перспективалы материалға айналдырады. Сонымен қатар, өсімдіктекті биомассаға – биоактивті полимерлі материалдарды алуға арналған жасыл және жаңартылатын ресурс ретінде ерекше назар аударады [123,124]. Биомассадан алынатын табиғи компоненттер – целлюлоза, лигнин, декстроза, хитин және т.б. экологиялық таза технологияларға негізделген әртүрлі биоматериалдар өндіруде кеңінен қолданылады. Атап айтқанда, биомассадан целлюлозды талшықтарды бөліп алу қазіргі таңда маңызды техникалық және ғылыми тәжірибе ретінде қарастырылады [125-127].

Целлюлоза – сызықты құрылымды табиғи полисахарид, оның мономері β -D-глюкопираноз болып табылады. Бұл полимердің ең басты ерекшеліктерінің бірі – оның суда да, көптеген органикалық еріткіштерде де ерімейтіндігінде. Мұндай ерімейтін қасиеті целлюлоза молекулалары арасында, сондай-ақ молекула ішіндегі сутектік байланыстардың жоғары беріктігімен түсіндіріледі [128,129]. Бұл байланыс макромолекулалар арасындағы құрылымды тұрақтандырып, оларды еріткіштермен әрекеттесуіне кедергі келтіреді. Целлюлозаның ерімейтіндігі – кейбір технологиялық қолдануларда шектеу туғызғанымен, оның жоғары механикалық беріктігі, биодырағыштығы, термиялық тұрақтылығы және экологиялық қауіпсіздігі сияқты қасиеттері оны кең ауқымды салаларда тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [128–131].


Целлюлозаның осындай функционалдық мүмкіндігін кеңейту мақсатында оның химиялық түрлендіру әдістері белсенді зерттеліп келеді. Атап айтқанда, целлюлозадағы гидроксил топтарын этерификациялау, ацетилдеу, карбоксилдеу немесе басқа да реакциялар арқылы өзгерту нәтижесінде ерігіштік пен функционалдық белсенділік артып, жаңа қолдану салалары ашылады. Бұл арқылы арнайы мақсаттарға арналған модификацияланған целлюлозалық материалдар, мысалы, гидрогельдер, наноцеллюлоза, биопленкалар синтездеуге болады [130,131]. Жыл сайын әлем бойынша 180 миллион тоннадан астам целлюлоза өндірілетінін

ескерсек, ол табиғаттағы ең көп таралған, жаңартылатын және тұрақты биоресурстардың қатарына айналады [132].

Целлюлоза күрделі құрылымды биополимер болғандықтан, ол әртүрлі кристалдық полиморфтарда, яғни кристалдану тәртібі әртүрлі бірнеше формаларда кездеседі. Целлюлозаның ең танымал кристалдық формаларына: целлюлоза I (Ia және Ib), целлюлоза II, целлюлоза III және целлюлоза IV жатады [133] (4-сурет). Мысалы, бактериялық целлюлозаның құрылымы Ia триклиникалық модификациясына сәйкес келеді, ал өсімдік целлюлозасының құрылымы әдетте целлюлоза Iβ моноклиникалық түрінде болады (5-сурет). Өсімдік целлюлозасы бактериялық целлюлозамен салыстырғанда төмен кристалдылық индексіне ие. Ал, целлюлоза II – целлюлоза I-ден сілтілік өңдеу (мерсеризация) немесе қайта кристалдандыру арқылы алынатын термодинамикалық тұрақты форма. Бұл процесс қайтымсыз, яғни целлюлоза I → целлюлоза II түрленуі қайта кері жүрмейді. Целлюлоза II құрылымының жоғары термиялық және химиялық тұрақтылығы оны көптеген салаларда қолдануға мүмкіндік береді. Целлюлоза III және IV – арнайы химиялық (аммиакпен өңдеу арқылы) немесе термиялық өңдеу (целлюлоза III-ті қыздыру арқылы) нәтижесінде алынатын формалар. Целлюлозаның бұл кристалдық формалары оның кристалдылық дәрежесіне (CrI), полимерлену дәрежесіне (DOP) және қаттылық, термиялық беріктік, ерігіштік, реакциялық белсенділік сияқты бірқатар физикалық қасиеттеріне әсер етеді [134-136]. Сонымен қатар, целлюлозаның кристалды табиғаты оны крахмал мен аморфты декстрин сияқты басқа полисахаридтерден ерекшелендіреді. Кристалдық аймақтар суда ерімейтін қасиетін арттырса, ал аморфты аймақтар химиялық реакцияларға икемдірек келеді. Бұл ерекшелік целлюлозаны әртүрлі химиялық түрлендірулерге ұшыратуға мүмкіндік бере отырып, нәтижесінде жаңа функционалды материалдар алынады.



Сурет 4 – Целлюлоза I және регенерацияланған целлюлоза II құрылымдарының осьтік проекциялары ([137] Авторлық құқық № 2017, Springer)



Сурет 5 –Целлюлозаның схемалық көрінісі: Iα триклиникалық құрылымы және Iβ моноклониалық құрылымы ([138] Авторлық құқық № 2020, Springer)

Табиғи өсімдіктердің көптеген бөліктері (сабақ, жапырақ, дән қауызы) целлюлозаға бай болғандықтан, олардан микро- және наноөлшемді целлюлозалық талшықтар алуға болады. Алайда, кейбір ауылшаруашылық қалдықтары күрделі құрамы мен физико-химиялық құрылымына байланысты оңай ыдырамайды. Сол себепті, целлюлоза құрылымы мен қасиеттері бастапқы шикізаттың құрамы мен целлюлозаның алыну әдістеріне айтарлықтай тәуелді.

Целлюлоза талшықтарын бөліп алудың негізгі үш сатысы келесідей жүргізіледі:

Алдын ала өңдеу (претритмент) кезінде шикізат құрамындағы лигнин мен гемицеллюлозаны ішінара жою үшін минералды қышқылдар (HCl, H₂SO₄) немес есілтілік реагенттер (NaOH, KOH) қолданылады. Мұндағы мақсат – целлюлозалық матрицаның құрылымын ашу және талшықтарға қолжетімділікті арттыру.

Сілтілік өңдеу (целлюлоза алу) кезеңінде шикізатты NaOH секілді сілтімен қайнату арқылы целлюлоза талшықтарын бөліп алады. Сілтілік гидролиз нәтижесінде лигнин мен гемицеллюлоза бөлініп шығып, таза целлюлозаға жақын масса алынады. Бұл процесс талшықтардың құрылымдық беріктігін сақтап, целлюлоза құрамын арттырады.

Ағарту кезеңінде – алынған целлюлозаны лигниннің соңғы қалдықтарынан тазартып, ашық түсті, таза өнім алу үшін ағартқыштар ретінде сутек асқын тотығы (H₂O₂), натрий хлориті (NaClO₄), озон (O₃) және басқа реагенттер қолданылады. Бұл процесс целлюлозаның оптикалық қасиеттерін жақсартады және оны биомедициналық немесе тамақ өнеркәсібінде қолдануға бейімдейді.

Жалпы целлюлозаны физикалық, химиялық, биологиялық, физико-химиялық және жасыл еріткіш негізіндегі әдістер арқылы алады [139,140].

Физикалық әдістер бөлшектердің мөлшерін азайту (ферменттердің, микробтардың қолжетімділігін және өңдеу кезінде конверсия тиімділігін

арттыру, целлюлоза кристалдылығын төмендету, өнім шығымын жақсарту) үшін қолданылады. Өлшемді азайту целлюлозаның кристалдық табиғатына әсер етіп, оның белсенділігін арттырады. Физикалық әдіс, сонымен қатар, механикалық ұсақтау, экструзия, ультрадыбыстық өңдеу, микротолқынды өңдеу, бумен жару (steam explosion) сияқты алдын ала өңдеулерді қамтиды [141].

Химиялық әдістер лигнин мен гемицеллюлозаны ерітіп, целлюлозаның кристалдық құрылымын ыдырату үшін қышқылдар, сілтілер, тотықтырғыштар және органикалық еріткіштер сияқты арнайы реагенттерді қолдануға негізделеді. Бұл химиялық әдіс лигноцеллюлозаның беткі ауданын ұлғайтып, ферменттердің қолжетімділігін арттыру арқылы ауылшаруашылық қалдықтарының биоыдырағыштығын арттыру мақсатында қолдаылады [140].

Биологиялық алдын ала өңдеу әдісі лигнинді ыдырату үшін аэробты микроорганизмдерді, атап айтқанда бактериялар, саңырауқұлақтар және олардан өндірілетін ферменттерді қолдануға негізделеді. Бұл әдістің басты артықшылықтары – қоршаған ортаға зиянды заттардың шығармайды, энергия шығыны төмен және ингибиторлық қосылыстардың (мысалы, фенолды заттардың) түзілуі аз [141]. Атап айтқанда, ақ шіріткіш саңырауқұлақтар (мысалы, *Phanerochaete chrysosporium*) және кейбір *Bacillus* немесе *Pseudomonas* туысына жататын бактериялар лигниннің құрылымын селективті түрде ыдыратып, целлюлозаның ферменттік гидролизге қолжетімділігін аттырады. Бұл ферменттердің (лиггиназа, лакказа, пероксидаза) әсерінен лигнин матрицасы бұзылып, көмірсулардың босап шығуына жағдай жасалады [142].

Биологиялық әдіс ауылшаруашылық қалдықтарын өңдеу саласында экологиялық қауіпсіздігімен және экономикалық тиімділігімен ерекшеленеді. Алайда, бұл әдістің өңдеу уақыты ұзақ және кейбір жағдайда реакция жылдамдығы төмен болып келеді. Соған қарамастан, бұл әдіс биомассаны жасыл технологиялар негізінде өңдеуге мүмкіндік береді.

Физико-химиялық әдістер – физикалық және химиялық алдын ала өңдеу тәсілдерінің тиімді жақтарын біріктіретін кешенді тәсіл. Бұл әдістер целлюлозаны экстракциялау мен ферменттік гидролиздің тиімділігін арттыру мақсатында қолданылады. Олар лигноцеллюлозалық биомассаның құрылымын тиімді түрде бұзып, целлюлозаның кристалдық деңгейін төмендетеді, лигнинді ішінара немесе толық ыдыратады және ферменттердің субстратқа қолжетімділігін арттырады.

Физико-химиялық әдістердің кең таралған түрлеріне бу жарылысы (steam explosion), аммиак талшықты жарылыс (AFEX), сұйытылған қышқылмен өңдеу және көмірқышқыл газымен өңдеу жатады. Мысалы, бу жарылысы кезінде биомасса жоғары қысымды қаныққан будың әсеріне ұшырап, кейіннен тез арада қысым төмендетіледі. Бұл целлюлоза мен лигниннің арасындағы байланыстарды үзіп, құрылымдық өзгерістерге әкеледі. Физико-химиялық әдістердің басты артықшылықтары – энергия көзінің тиімділігі, реагенттерді аз мөлшерде пайдалану және ферменттік өңдеуге биомассаның жақсы дайындалуы. Сонымен қатар, бұл әдістің кейбір

түрлері өндірістік масштабта қолдануға ыңғайлы, әрі экологиялық жағынан тиімді болып табылады [140].

Жасыл еріткіштерге негізделген алдын ала өңдеу әдістері – агрокалдықтарды өндеуде қолданылатын экологиялық тұрғыдан тиімді әдістердің бірі. Бұл әдістің басты мақсаты – энергия тұтынуды азайту, улы және агрессивті химиялық заттарды қолдануды шектеу және өндірістік қалдықтарды барынша азайту болып табылады. Әдіс әдетте жұмсақ реакция жағдайларында (төмен концентрация, төмен температура мен қысымда) жүргізіледі, бұл оның қоршаған ортаға кері әсерін едәуір төмендетеді [143].

Жасыл еріткіштер қатарына иондық сұйықтықтар, терең эвтектикалық еріткіштер (DES), органикалық қышқылдар мен кейбір биоеріткіштер жатады. Бұл еріткіштер лигноцеллюлозаның құрылымын селективті түрде бұза отырып, лигнинді бөліп алу мен целлюлозаны ыдырату процесін тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Жасыл еріткіштерді қолданудың негізгі артықшылықтары – олардың улы химиялық заттарға балама ретінде қолданылуы, биомассаның құрылымын тиімді өзгертудегі жоғары өнімділік және экологиялық қауіпсіздік. Сонымен қатар, бұл әдістерді болашақта тұрақты өндірістік процестерге енгізу мүмкіндігі зор.

Жоғарыда аталған дәстүрлі химиялық, физико-химиялық әдістер целлюлоза алуда экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімсіз болып табылады. Бұл өз кезегінде экологиялық қауіпсіз, балама әдістерді дамытуды талап етеді. Осы орайда соңғы уақытта ғалымдардың назары «жасыл» әдіске жақын – органосольвенттік тотықтыру әдісіне ауды.

Органосольвенттік әдіс (ағылш. *organosolv* – «organic solvent», яғни органикалық еріткіш) – лигноцеллюлозалық биомассаны алдын ала өндеудің салыстырмалы түрде қарапайым және экологиялық тұрғыдан тиімді тәсілі. Бұл әдісте биомасса қосымша химиялық реагенттерсіз органикалық еріткіштермен өңделеді. Органосольвенттік гидролиз нәтижесінде бөлінетін лигнин құрылымдық жағынан өзгеріске ұшыраған, жоғары реакциялық қабілетке ие «белсенді лигнин» болып табылады. Мұндай лигнин көміртекті материалдар, фенолдық туындылар, байланыстырғыштар, сорбенттер, белсенді толықтырғыштар және басқа да өнеркәсіптік өнімдер өндірісінде қайта қолданылуы мүмкін.

Органосольвенттік тотықтыру әдісі өсімдік биомассасын негізгі фракцияларға: целлюлоза, гемицеллюлоза және лигнинге тиімді түрде бөлуді қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, целлюлоза ферментативті гидролиз немесе кейінгі химиялық өңдеу үшін дайын өнім ретінде бөлінсе, гемицеллюлоза көмірсулар ерітіндісі түрінде алынады, ал лигнин сұйық отын немесе арнайы қосылыстардың көзі ретінде пайдаланылады [143].

Органосольвенттік делигнификациялауда қолданылатын реагенттер органикалық қосылыстар класына жатады. Олардың қатарына бір атомды және көп атомды спирттер, фенолдар, карбон қышқылдары, эфирлер, күрделі эфирлер, кетондар, аминдер және сульфоксидтер кіреді. Бұл қосылыстардың физико-химиялық қасиеттері мен лигноцеллюлозалық компоненттермен әрекеттесу механизмі бір-бірінен едәуір ерекшеленеді [143].

Көп жағдайда органосольвенттік жүйелер ретінде бинарлы су-органикалық қоспалар қолданылады. Мұндай жүйелердің артықшылығы – шикізатты алдын ала кептіруді қажет етпейді, лигнинді гидролиздеу өнімділігін арттырады және бастапқы еріткішті регенерациялау мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар, бұл қоспаларда биомассаның құрамынан бөлінетін қышқылдардың, негізінен сірке қышқылының әсерінен қышқылдық орта түзіліп, бұл өз кезегінде делигнификация процесін күшейтеді. Органосольвенттік тотықтыру кезінде алынатын целлюлозаның шығымы басқа әдістерге қарағанда салыстырмалы түрде жоғары болып, делигнификациялауға кететін еріткіштің мөлшері де төмен болады [7]. Бұл аталмыш әдісті жасыл әдіске жақындатып қана қоймай, экономикалық жағынан тиімділігін арттыра түседі.

Жалпы целлюлоза алуда қолданылатын әдістер, олардың артықшылығы мен кемшіліктері 3-кестеде берілген.

Кесте 3 – Целлюлоза алу әдістері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері.

Әдіс		Негізгісіпаттамалар	Артықшылықтар	Кемшіліктер	Зерттеулер
Физикалық әдіс	Механикалық ұсақтау	Бөлшектердің мөлшерін азайту үшін қолданылатын әдіс. Целлюлоза кристалдылығын төмендету, белсенділікті арттыру.	- Энергияны тиімді қолдану; - Химиялық қоспалардың қажеттілігі жоқ; - Жоғары өнім шығымы.	- Қымбат құралдар мен технологиялар қажет болуы мүмкін; - Қайталануы қиын болуы мүмкін.	140,144-150
	Экструзия				
	Ультрадыбыстық өңдеу				
	Микротолқынды өңдеу				
	Бумен жару (steam explosion)				
Химиялық әдіс	Қышқылды гидролиз	Қышқылдар, сілтілер, тотықтырғыштар, органикалық еріткіштерді қолдану. Лигнин мен гемицеллюлозаныыдырату.	- Жоғары тиімділік; - Құрылымның түбегейлі өзгеруі; - Әртүрлі биомассалармен жұмыс істеуге бейім.	- Қауіпті химиялық заттарды қолдану; - Қалдықтарды өңдеу қиын; - Қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін.	151-156
	Сілтілік өңдеу				
	Тотықтырғыш заттармен өңдеу				
	Органикалық еріткішпен алдын ала өңдеу				
Биологиялық әдіс	Саңырауқұлақтарды алдын ала өңдеу	Лигнинді ыдырату үшін аэробты бактерияларды, ферменттерді немесе саңырауқұлақтарды пайдаланады. Бұл әдіс улы заттарды қоршаған ортаға тастамайды, аз энергия жұмсайды және ингибиторлық қосылыстардың түзілуін барынша азайтады.	- Экологиялық қауіпсіз, улы қалдықтар шығарылмайды; - Энергия тұтынуы аз; - Лигнинді селективті түрде жою; - Ингибиторлық қосылыстардың минималды түзілуі.	- Өңдеу уақыты ұзақ (күндерден апталарға дейін созылады); - Белгілі бір температура мен ылғалдылықты сақтау қажет; - Үлкен масштабта қолдану қиынырақ және арнайы биореакторларды қажет етеді; - Кейде ферменттер қымбат болуы мүмкін.	140,157-164
	Термиттер арқылы биологиялық алдын ала өңдеу				
	Микробтық консорциумды алдын ала өңдеу				
	Ферменттер арқылы алдын ала өңдеу				
	Бактериялық алдын ала өңдеу				
	Будыңжарылуы (SteamExplosion)	Лигноцеллюлоза құрылымын өзгерту үшін бөлшектерді ұсақтап, олардың	- Химиялық және физикалық әсердің синергиялық тиімділігі;	- Арнайы жабдықты қажеттеді (жоғары қысым, температура);	165-170
	Сілтілік термиялық				

Физико-химиялық әдістер	алдын ала өңдеу	қасиеттерін жақсарту, бұл ферменттер мен микробтарға әлдеқайда қолжетімді ету үшін жасалады. Бұл әдіс химиялық заттарды пайдалануды талап етпейді, бірақ арнайы жабдықтар мен технологиялар қажет болуы мүмкін.	- Лигнин мен гемицеллюлозаны селективті түрде ыдырату; - Ферменттерге қолжетімділікті арттырады; - Кейбір әдістерде химиялық реагенттер қажет емес немесе аз мөлшерде қолданылады.	- Энергия тұтынуы жоғары болуы мүмкін; - Кейбір әдістерде улы немесе ингибиторлық қосалқы өнімдер түзілуі мүмкін; - Өнеркәсіптік масштабта қолдану үшін оңтайландыр уаажет.	
	Аммиак талшығының жарылуы (Ammonia Fiber Explosion – AFEX) Экструзияны алдын ала өңдеу				
Жасыл еріткіш негізіндегі әдістер	Биохимиялық алдын ала өңдеу	Бұл экологиялық тұрғыдан тиімді технологиялар, олар энергия тұтынуды азайтуға, химиялық заттар мен улы материалдарды пайдалануды шектеуге және қалдықтарды азайтуға бағытталған. Бұл әдіс жұмсақ реакция жағдайында жұмыс істейді, бұл оның қоршаған ортаға зиянды әсерін барынша азайтуға мүмкіндік береді	- Экологиялық қауіпсіз, улы қалдықтар шығарылмайды; - Энергия тұтынуы аз; - Лигнинді селективті түрде жою; - Ингибиторлық қосылыстардың минималды түзілуі.	- Өңдеу уақыты ұзақ (күндерден апталарға дейін созылады); - Белгілі бір температура мен ылғалдылықты сақтау қажет; - Үлкен масштабта қолдану қиынырақ және арнайы биореакторларды қажет етеді; - Кейде ферменттер қымбат болуы мүмкін.	140,143,171-175
	Иондық сұйықтықты алдын ала өңдеу				
	Терең эвтектикалық еріткіштер (DeepEutecticSolvents - DES)				
	Супер критикалық сұйықтықты алдын ала өңдеу				

[176] зерттеу жұмысында құрма жапырақтарын тұзды ерітіндіге салу арқылы лигниннің ароматты сақиналарын босата отырып, мұзды сірке қышқылының көмегімен целлюлозаны бөліп алған. Нәтижесінде алынған целлюлозаның мөлшері 70,5%, гемицеллюлоза мөлшері 20,6% құраса, құрма жапырағындағы 22,5% лигнин 8,9%-ға дейін гидролизденген. Нигерия, Солтүстік Африка ғалымдары [177] химиялық әдіс арқылы жүгері жапырағын сілтімен өңдеп, целлюлоза шығымын арттырған. Нәтижесінде алынған целлюлозаның шығымы 73,30%, гемицеллюлоза 20,6%, лигнин 17%-ды құраған. Ал, [178] зерттеуде Чехия ғалымдары нитрат-сілтілі әдіспен жүгері сабанынан 47,6% целлюлоза алып, өнімнің құрамындағы қалдық лигнин 0,1%, күлділігі 8,4%-ға тең болған. [179] зерттеуде органосольвент және крафт (натрий гидроксиді (NaOH) мен натрий сульфиді (Na_2S) қоспасы) әдістері арқылы жүгері сабанынан целлюлоза алған. Нәтижесінде органосольвенттік әдіспен алынған целлюлозаның шығымы 34,51%-ға тең болып, қалдық лигниннің мөлшері 2,69% болған. Ал крафт әдісімен алынған өнімнің шығымы 50,38%-ға тең болып, қалдық лигнин 2,39%-ды құраған. [180] әдебиеттегі зерттеу нәтижесінде соя сабанын 8%-дық NaOH -пен өңдеу барысында сабан лигнинінің 5% гидролизденіп, 44% целлюлоза алынған. Ал [181,182] зерттеу жұмысында күріш сабанын дәл осы сілтілік өңдеу әдісі арқылы 2% NaOH -пен өңдей отырып, целлюлоза шығымын 47,6%-ға арттырған. Бұл әдістердің кейбірінде өнімнің шығымы жоғары болғанымен, экологиялық және экономикалық жағынан тиімсіз екенін көрсетеді.

Ал, [7] зерттеуде күнбағыс тұқымы қауызы (SFH) және қарасора сабағынан (CbR) пероксисірке қышқылы негізінде органосольвенттік тотықтыру әдісін қолдана отырып целлюлоза алған. Зерттеу нәтижесінде пероксисірке қышқылы бір уақытта тотықтырғыш, әрі еріткіш қызметін атқара отырып, өнімнің шығымын SFH үшін 47,8%-ға, CbR үшін 50,6%-ға арттырған. Сәйкесінше целлюлоза құрамындағы қалдық лигниннің мөлшері барынша азайып, SFH үшін 2,1%, CbR үшін 7,3%-ға тең болып, жоғары сапалық көрсеткішке ие болған. Сонымен қатар, зерттеу барысында пероксисірке қышқылын алу үшін қолданылатын мұзды сірке қышқылының орынына сірке қышқылын қолданып, еріткіштің концентрациясын біршама төмендеткен. Нәтижесінде экология және экономика жағынан тиімді «жұмсақ» әдіс әзірленген. Дегенмен, делигнификациялаушы пероксисірке қышқылының шикізатқа әсерін одан әрі қарай терең зерттей отырып, әдісті әлі де жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Шикізат көздеріне және қолданылған әдістерге сәйкес целлюлозаның сапалық көрсеткіштері 4-кестеде берілген.

Кесте 4 – Шикізат көздеріне және қолданылған әдістерге сәйкес целлюлозаның сапалық көрсеткіштері

Шикізат	Шығымы, %	α -целлюлоза, %	Лигнин, %	Гемицеллюлоза, %	Күлділігі, %	Зерттеулер
Күнбағыс тұқымы қауызы	47,8-50,69	67,53-72,0	2,1-2,4	8,1-13,02	1,2-2,2	[7,100]
Күріш қауызы	50,3-52,58	40,5	4,81-17,3	17,7-18,1	10,5-29,9	[183]
Күріш сабаны	38,82		19,55	27,59		[183]
Жүгері сабаны	31,5-32,75		10,07	31,08		[184]
Жүгері дәні қауызы	45		15	35		[184]
Қара бидай сабаны	56,9		7,95	23,1	7,21	[185]
Қамыс	59,4		6,74	19,9	6,68	[185]
Мақта	65,8		-	18,2	3,79	[185]
Шөп	60,1		5,69	24,9	5,05	[185]
Қант қамысы	37,72-44,0		21,0-22,34	22,95-28,0		[184]
Сорго сабағы	46,6		22,3	34,1		[184]
Сорго сабаны	27		11	25		[184]
Сұлы қауызы	44,7	91,6	1,5	6,9	1,0	[186]
Сұлы сабаны	46,9	91,3	1,7		1,9	[186]
Бидай сабаны	29,9-35,69		18,8	13,8-29,68		[184]
Нейпир шөбі (Napiergrass)	46,6		22,3	34,1		[184]
Какао түйіршіктері	26,1		4,82	21,29		[184]
Бұршақ сабаны	31,1		9,7	23,9		[184]
Банан сабағы	33,3		5,5	18,2		[184]
Зәйтүн ағашы	36,5		24,1	21,3		[184]
Brewer's grains	23,1		19,0	22,9		[184]
Терек жоңқасы	46,2		26,15	19,3		[184]
Су гиацинты (Water hyacinth)	24,5		8,6	34,1		[187]
Фундук қауызы (Hazelnut shell)	25,2		42,1	28,2		[188]

1.3 Микрористалды целлюлозадан нанокристалды және наноталшықты целлюлоза алу әдістері

Наноцеллюлоза – бұл табиғи биополимер, ол ерекше физикалық және химиялық қасиеттерімен танымал. Ол құрамындағы микроағзалардың, мысалы, бактериялар мен өсімдіктердің целлюлозасынан алынатын наноматериал болып табылады. Наноцеллюлозаның басты ерекшеліктері мен қасиеттері оның бөлшек өлшемінің нанодиапазонда (1-100 нм) болуында, бұл оның үлкен беттік ауданымен ерекшеленеді [189,190]. Жоғары беттік көлемі материалды өте белсенді етеді, яғни ол түрлі химиялық немесе физикалық процестерге оңай қатыса алады. Мұндай сипаттама әсіресе катализатор немесе сорбенттер ретінде қолдану үшін маңызды болып табылады [191].

Наноцеллюлоза құрамында көптеген функционалдық топтардың болуы, оның басқа материалдармен, мысалы, полимерлермен немесе металдармен оңай үйлесуіне мүмкіндік береді. Яғни, гибридітік және композиттік қасиеттерін арттырады [192]. Ал, суда ерігіштік қасиеті, оның экологиялық таза болуы мен биоразрушының артықшылықтарын береді. Наноцеллюлозаның биологиялық түрде ыдырауы қоршаған ортаға зиян келтірмейді [193].

Наноцеллюлоза қазіргі заманғы ғылым мен технологияның маңызды бағытына айналып келеді, себебі ол табиғи ресурстарды пайдалану арқылы жоғары өнімді және экологиялық таза материалдар жасауға мүмкіндік береді. Наноцеллюлоза классификациясы негізінен оның алыну әдісіне және шикізат көзіне байланысты. Наноцеллюлозаның негізгі классификациясын келесідей топтауға болады:

1. Целлюлозаның шығу тегіне байланысты: Бактериялық целлюлоза – бұл *Glucanacetobacter* немесе *Acetobacter* сияқты бактериялар арқылы биологиялық жолмен өндіріледі [190]. Бактериялық целлюлоза құрамы өте жақсы ұйымдасқан микробиялық құрылымдар мен жоғары механикалық қасиеттерге ие болып келеді. Өсімдік целлюлозасы – бұл өсімдіктерден, мысалы, ағаш, мақта, зығыр сияқты табиғи көздерден алынады. Өсімдік целлюлозасы жиі өндірістік масштабта пайдаланылады, себебі ол жоғары қолжетімді және өңдеу салыстырмалы түрде арзан. Жануарлар целлюлозасы – бұл жануарлардың, мысалы, шеміршектер мен қаңқалардың компоненті болып табылады, бірақ ол сирек қолданылады [189, 191].

2. Өндіру әдісіне байланысты: Наноцеллюлозаны химиялық өңдеу әдісі (жоғарыдан төмен процесс) оны химиялық заттармен өңдеу арқылы наноцеллюлоза бөлшектерін алу үшін қолданылады. Яғни, целлюлозаны сілтімен, қышқылмен немесе басқа химиялық реагенттермен өңдеп, нанокристалдар немесе нанофибрилдер алады. Мұндай әдіс жоғарыдан төмен қарай бөлшектердің ыдырауын қамтамасыз етеді [189].

Механикалық өңдеу әдісі (жоғарыдан төмен процесс) целлюлозаны механикалық күштермен өңдеу арқылы нанофибрилдерді немесе нанокристалдарды алу үшін қолданылады. Мысалы, механикалық дисперсиялау немесе жоғары қысымдағы гомогенизация арқылы целлюлоза құрылымын нәзік наноөлшемдерге дейін ыдырату жүзеге асырылады.

Биотехнологиялық әдістер (төменнен жоғары процесс) табиғи түрде бактериялар немесе басқа микроорганизмдер арқылы целлюлозаны биологиялық түрде синтездеуді қамтиды. Бұл процесс төменнен жоғары қарай жүреді, яғни табиғи жолмен наноцеллюлоза құрылымдары қалыптасады [189].

Наноцеллюлоза целлюлоза нанофибрилдері (CNF, Cellulose Nanofibrils) және целлюлоза нанокристалдары (CNC, Cellulose Nanocrystals) болып екіге бөлінеді. Целлюлоза нанофибрилдері – бұл целлюлозаның ұзын әрі өте жіңішке талшықтары. CNF көбінесе механикалық немесе химиялық әдістермен алынады. Ал целлюлоза нанокристалдары – бұл целлюлозаның қатты, құрылымдық жағынан тұрақты және жоғары қаттылыққа ие кристалдық бөлшектері. Олар арнайы химиялық өңдеу әдістері, атап айтқанда қышқылдық гидролиз арқылы дайындалады. Бұл әдіс целлюлозаның аморфты аймақтарын ыдыратуға және оның кристалды аймақтарын сақтап қалуға бағытталған [189, 194].

CNC алуда қышқылдық гидролиз процесі:

Қышқылдық гидролиздің мақсаты аморфты аймақтарды ыдырата отырып, кристалды аймақтарды сақтап қалу болып табылады. Целлюлоза молекулаларының аморфты аймақтары – бұл целлюлоза тізбектерінің тәртіпсіз орналасқан бөліктері, оларды химиялық әдістер арқылы ыдырату жеңілірек. Ал кристалды аймақтары тәртіппен, қатты және тұрақты орналасқан. Гидролиз барысында осы кристалды аймақтарды сақтап қалу маңызды, себебі олар материалдың беріктігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Гидролиз процесінде күкірт қышқылы немесе тұз қышқылы сияқты қышқылдар қолданылады. Бұл қышқылдар полисахаридтік байланыстарды (гликозидтік байланыстарды) ыдыратып, аморфты аймақтарды жояды. Яғни, процесс кезінде алдымен аморфты аймақтар ыдырап, кристалды аймақтар сақталады. Осылайша, қышқылдық гидролиз целлюлозаның кристалды құрылымдарын бөліп, оның нанометрлік өлшемдегі бөлшектерін – целлюлоза нанокристалдарын (CNC) алуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде целлюлоза нанокристалдарының құрылымы, өлшемі 100-500 нм аралығында болатын таяқша тәрізді бөлшектерге айналады. CNC молекулаларының тығыз орналасуынан туындаған кристалдық құрылым, оның қаттылық және механикалық беріктік қасиеттерін жоғарылатады. CNC-ның жоғары оптикалық және электрлік қасиеттері оны әртүрлі оптикалық құрылғыларда және сенсорларда қолдануға мүмкіндік береді.

Қышқылдық гидролиздің техникалық аспектілері:

Гидролиз процесінің тиімділігі қышқылдың концентрациясына және реакцияның ұзақтығына тікелей байланысты. Жоғары концентрациялы қышқылдар гидролиздің жылдамдығын арттырады, бірақ CNC бөлшектерінің өлшемі мен құрылымына әсер етеді. Төмен концентрациялы қышқылдар (мысалы, әлсіз қышқылдар) гидролиз процесін баяулатады, бірақ олар CNC бөлшек өлшемдерін ұлғайтады [8]. Гидролиз процесінің ұзақтығы CNC бөлшектерінің өлшеміне әсер етеді. Қышқылдың әрекет ету уақыты ұзарған сайын, аморфты аймақтар толығымен ыдырап, кристалдық құрылымдар

жақсы сақталады [191]. Алайда, өте ұзақ уақыт гидролиз жүргізу бөлшектердің агрегатталуы мен құрылымының бұзылуына да әкелуі мүмкін.

Реакция барысында температураның да маңызы жоғары. Жоғары температурада қышқылдық гидролиз процесі жылдам жүріп, аморфты аймақтарды тезірек ыдыратады, бірақ температураның тым жоғары болуы кристалды аймақтардың бұзылуына әкелуі мүмкін. Әдетте, 30°C-тан 80°C-қа дейінгі температура диапазонында қышқылдық гидролиз жақсы нәтиже береді [194].

Қышқылдық гидролиз нәтижесінде диаметрі 3-35 нм, ұзындығы 200-500 нм өлшемдегі таяқша тәрізді қатты CNC алынады [190]. CNC-ның ұзындық өлшемі микрометрге дейін жетуі мүмкін, бірақ CNF-пен салыстырғанда ұзындық өлшемі біршама қысқа болады [191]. Кристалдардың өлшемі целлюлоза көздерінің кристалдылық дәрежесіне әсер етеді [191,194].

Гидролиз процесінде қолданылатын қышқылдардың түріне қарай әртүрлі беттік функцияларды алуға болады. Қышқылдың түрі CNC бетінде қалатын зарядтар мен функционалды топтардың табиғатын анықтайды. Мысалы, HCl қолданған кезде, CNC бетінде әлсіз теріс зарядтар пайда болады. Бұл қышқылдық гидролиз кезінде бөлшектердің бетінде аз мөлшерде теріс зарядтар қалып, олардың агрегациясына (топтасуына) қарсы тұру қабілеті төмен болуы мүмкін. Ал, H₂SO₄ қолданған кезде, CNC бетінде күшті теріс зарядтар жиналады. Теріс зарядтар бөлшектердің бетінде көбірек жиналып, олардың арасындағы электростатикалық тартылыс күшін арттырады, сонымен қатар, CNC бөлшектерінің дисперсиялануын жақсартады [189,194]. Нәтижесінде бұл CNC-ның тұрақтылығын жақсартып, біркелкі бөлшектердің түзілуін қамтамасыз етеді.

Целлюлоза талшықтарын (CNF) наноөлшемге дейін өңдеудің негізгі әдістері:

Целлюлоза талшықтарын наноөлшемді деңгейге дейін деградациялау – бұл қазіргі уақытта биоматериалдар мен нанотехнологиялар саласында терең зерттеуді қажет ететін маңызды мәселе. Бұл процесс талшықтардың құрылымын бұзып, олардың қасиеттерін, мысалы, механикалық беріктігін немесе химиялық белсенділігін жақсарту үшін қолданылады [190,192].

1. Алдын ала өңдеу (pre-treatment):

Алдын ала өңдеу целлюлоза талшықтарын лигнин, гемицеллюлоза және экстрактивті заттардан (балауыздар мен басқа да органикалық қосылыстарды) тазарту үшін қажет. Бұл мақсатта әртүрлі химиялық әдістер қолданылады:

- Сілтілі өңдеу (мысалы, натрий гидроксиді мен органикалық қышқылдардың ерітінділері);
- Қышқылдық өңдеу (сірке қышқылы немесе күкірт қышқылы);
- Органикалық еріткіштермен өңдеу (көмірсутек негізіндегі немесе спирттер) [189,192].

Бұл әдістер талшықтағы қоспаларды (мысалы, лигнинді) кетіріп, талшықтарды таза целлюлозаға жақындатуға мүмкіндік береді.

2. Механикалық өңдеу әдістері:

Бұл әдістер целлюлоза талшықтарын ұсақтап, олардың құрылымын өзгерту үшін қолданылады. Осы тәсілдердің көмегімен талшықтар ұсақталып, наноцеллюлоза (наноцеллюлозаның талшықты немесе дисперсті нысандары) алынуы мүмкін:

- Ұсақтау (Mechanical milling): Бұл әдіс целлюлоза талшықтарын физикалық күштер арқылы ұсақтау үшін қолданылады. Ұсақтау процесі наноөлшемдегі фибрилдер мен бөлшектердің түзілуіне әкеледі.

- Ультрадыбыстық өңдеу (Ultrasonic treatment): Ультрадыбыстық толқындардың әсерінен талшықтардың құрылымы бұзылады, нәтижесінде олар микрон немесе наноөлшемді фибрилдерге бөлінеді.

- Бумен жарылыс (Steam explosion): Бұл әдіс целлюлоза талшықтарын жоғары температура мен қысымда өңдейді. Нәтижесінде талшықтар ыдырап, целлюлозаның беткі қабаттары ашылады.

- Жоғары қысымды гомогенизациялау (High-pressure homogenization): Бұл әдіс жоғары қысым арқылы целлюлоза талшықтарын ұсақтап, оларды наноөлшемдегі бөлшектерге айналдыруға негізделген [192, 194].

Мысалы, [192] зерттеуде химиялық-механикалық өңдеу арқылы бидай сабаны мен соя қабығынан диаметрі 10-80 нм және ұзындығы бірнеше микрометрге дейін жететін наноцеллюлоза талшықтары синтезделген.

3. Химиялық өңдеу:

Химиялық өңдеу әдісі целлюлозаны химиялық реагенттердің көмегімен талшықтардың құрылымын бұзып, оларды наноөлшемге дейін өңдеуге әкеледі [189]. Мысалы:

- Қышқылды немесе сілтілі өңдеу: Целлюлоза мен оның қосылыстарының молекулалық құрылымын өзгерту үшін қышқылдар немесе сілтілер қолданылады.

- Энзимдік гидролиз: Бұл әдіс целлюлозаны ферменттер арқылы химиялық түрде ыдыратуға бағытталған. Ферменттер целлюлоза молекулаларын ыдыратып, оның фибрилдерге бөлшектенуін қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда целлюлоза наноталшықтарын (CNF) өндіруде жоғарыда аталған әдістер кеңінен қолданылады. Минералды қышқылдар, әсіресе күкірт және тұз қышқылы, целлюлозаның аморфты аймақтарын селективті түрде бұзу арқылы жоғары кристалдылыққа, таяқша тәрізді морфологияға ие целлюлоза нанокристалдарын (CNC) алуға мүмкіндік береді. Ал механикалық өңдеу кезінде талшықтар қосымша фибрилденіп, наноөлшемді бөлшектерге дейін ыдырайды. Алайда, бұл әдістер айтарлықтай энергия шығынын және реагенттердің көп мөлшерін қажет етеді. Бұл өз кезегінде өндірістік процесті экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімсіз етеді [190]. Сонымен қатар, механикалық өңдеу кезінде целлюлозаның кристалдылық дәрежесінің төмендеуі және минералды қышқылмен гидролиз нәтижесінде алынған өнімнің термиялық тұрақтылығының нашарлауы ғылыми зерттеулерде дәлелденген [210].

Осыған байланысты, соңғы жылдары минералды қышқылдарға балама ретінде органикалық қышқылдарды, соның ішінде құмырсқа, лимон және сірке қышқылдарын қолдану кеңінен зерттелуде. Бұл қышқылдар уыттылығы төмен, бейтараптау процесіне судың мөлшері аз жұмсалады және қоршаған ортаны қорғау қағидаттарына сәйкес келеді. Осылайша, органикалық қышқылдарды қолдану арқылы целлюлоза талшықтарын экологиялық таза және энергетикалық тиімді жолмен модификациялау мүмкіндігі артады.

Органикалық қышқылдардың ішінде целлюлоза наноталшықтарын алуда құмырсқа қышқылдық (формиат қышқылы, HCOOH) гидролиз әдісі соңғы жылдары экологиялық және технологиялық жағынан балама әдіс ретінде белсенді түрде зерттеліп келеді. Бұл әдіс целлюлозаның аморфты аймақтарын селективті түрде бұзу арқылы оның құрамындағы кристалды аймақтарды босатып, целлюлоза наноталшықтарын алуға бағытталған. Құмырсқа қышқылы гидролиз процесінде жұмсақ, әрі тиімді гидролиз ортасы ретінде қызмет атқарады [210].

Құмырсқа қышқылы биологиялық ыдырайтын және уыттылығы төмен қышқыл болып табылады. Күкірт қышқылымен салыстырғанда қоршаған ортаға зияны әлдеқайда төмен. Сонымен қатар, ол қайта өңделетін, екіншілік қолдану мүмкіндігіне ие, бұл өндіріс процесінің тиімділігін арттырады. Құмырсқа қышқылымен төмен температура мен қысымда гидролиз жүргізуге болады, бұл кристалды аймақтарды сақтап, целлюлоза құрылымның бұзылуын азайтады. Күкірт қышқылынан айырмашылығы, беттік сульфатталу процесі жүрмейді, яғни одан кейінгі химиялық модификациялауды жеңілдетеді. Жалпы, құмырсқа қышқылдық гидролиз әдісі целлюлоза негізіндегі наноматериалдарды экологиялық таза және энергия үнемдейтін жолмен алудың перспективалы тәсілі болып табылады. Бұл әдісті қолдану әсіресе, «жасыл химия» және биоқауіпсіз технологиялар тұжырымдамаларына сай келеді.

Соңғы жылдары зерттеушілер агроөнеркәсіп және тамақ өндірісінің қалдықтарын немесе жанама өнімдерін тиімді пайдалану жолдарын қарастырып, наноцеллюлозалық материалдар өндіруге басымдық беруде. Сәйкесінше, наноцеллюлоза қазіргі уақытта түрлі салаларда, соның ішінде тамақ, медицина, құрылыс, энергетика және материалдар өндірісінде кеңінен қолданылуда. Азық-түлік өнеркәсібінде наноцеллюлоза тағамдық қоспа немесе тұтқырлықты арттыратын қалыңдатқыш ретінде қолданылады. Медицина саласында жараларды емдеуге арналған таңғыштар әзірлеуде, дәрілік заттарды мақсатты жеткізу жүйелерінде және жасанды тіндер мен ағзалар жасау технологияларында қолданылады. Құрылыс және материалдар өнеркәсібінде наноцеллюлоза композиттік құрылымдар, қалыңдатқыштар мен биоыдырайтын материалдар өндірісінде маңызды компонент ретінде пайдаланылады [192].

Кесте 5 – Әр түрлі шикізаттан алынған наноцеллюлоза бөлшек өлшемдерінің мәні

Нано-целлюлоза	Шикізат	Әдіс	Ұзындығы, нм	Диаметрі, нм	Зерттеулер
----------------	---------	------	--------------	--------------	------------

түрлері					
CNC	Ағаш		100-300	3-10	[195]
	Манго қауызы	Құмырсқа қышқылдық гидролиз		25,01	[196]
	Мақта	Күкірт қышқылдық гидролиз	80-220	10-25	[197]
	Баклажан өсімдігі	Фосфор қышқылдық гидролиз	597,5	6,3	[198]
	Баклажан өсімдігі	Күкірт қышқылдық гидролиз	487	6,7	[198]
	Sunflower oilcake	Күкірт қышқылдық гидролиз	329	5	[199]
	Juncus өсімдігі	Күкірт қышқылдық гидролиз	431	7,3	[200]
	Қант қамысы	Күкірт қышқылдық гидролиз	275	5	[201]
	Phormiumtenax талшықтары	Күкірт қышқылдық гидролиз	100-200	15	[202]
	Күнбағыс тұқымы қауызы	Күкірт қышқылдық гидролиз			[7]
CNF	Соя қауызы	Химико-механикалық өңдеу		50	[203]
	Соя қауызы	Күкірт қышқылдық гидролиз	500	20	[204]
	Қарақұмық қауызы	Ферментативті гидролиз		17,93	[205]
			1000	3-10	[206]
			200-2200	3,5-20	[207]
			>1000	4	[208]
			500-2000	4-20	[209]
	Күнбағыс тұқымы қауызы	Құмырсқа қышқылдық			[210]

		гидролиз			
--	--	----------	--	--	--

1.4 Бірінші бөлім бойынша қорытынды

Ғылыми зерттеу жұмыстарына жасалған шолудың нәтижесінде ауылшаруашылық қалдықтарынан целлюлозалық материалдар алу бойынша біршама зерттеулер бар екендігі белгілі болды. Алайда, Қазақстан аумағында өсетін ауылшаруашылық дақылдары өндірісінің қалдықтарынан микрокристалдық целлюлоза (МСС) алу әдістемесін оңтайландыру, МСС-дан нанокристалды және наноталшықты целлюлоза синтездеу, одан композиттік материалдар алу бойынша зерттеу жұмыстары аздық етеді. Соның ішінде, күнбағыс тұқымы қауызын (SFH) қайта өңдеу арқылы наноцеллюлозалық материалдар алу бойынша зерттеулер жоқтың қасы десе де болады.

Сонымен қатар, осы уақытқа дейін зерттеулердің басым бөлігінде целлюлоза, наноцеллюлоза алуда дәстүрлі сілтілік-қышқылдық, механикалық өңдеу әдістері қолданылып келді. Бұл өз кезегінде балама, экологиялық қауіпсіз, экономикалық тиімді және оңтайландырылған «жасыл» әдістерді іздестіру қажеттілігін тудырады. Осы орайда, ғалымдар биомассада целлюлоза, наноцеллюлоза алуда балама ретінде органикалық қышқылдарды, соның ішінде құмырсқа, лимон және сірке қышқылдарын қолдануға басты назар аударып отыр.

Бүгінгі күнде бір уақытта тотықтырғыш және еріткіш қызметін атқаратын пероксисірке қышқылы негізінде жүзеге асатын, тиімділігі жоғары және экологиялық қауіпсіздігімен ерекшеленетін органосольвенттік тотықтыру әдісін әрі қарай жетілдіру, яғни құрамындағы сірке қышқылының концентрациясын біршама төмендете отырып «жасыл» әдіске жақындату, делигнификациялаушы агенттің шикізатқа қатысты көлемін целлюлоза шығымына әсерін тигізбейтіндей төмендету әлі де өзекті болып отыр.

2 ТАБИҒИ ПОЛИМЕРЛЕР НЕГІЗІНДЕ ГИДРОГЕЛЬДЕР СИНТЕЗДЕУ

2.1 Микрористалды целлюлоза негізіндегі гидрогельдер алу әдістері және олардың сипаттамасы

Гидрогельдер – суды сіңіру қабілеті жоғары, үш өлшемді, гидрофильді полимерлік тізбек. Олар ауыл шаруашылығынан бастап биотехнология, тамақ, фармацевтика өнеркәсібі сияқты көптеген салаларда кеңінен қолданылады. Гидрогельдер синтетикалық немесе табиғи полимерлер негізінде синтезделеді. Соңғы бірнеше онжылдықтағы зерттеу нәтижелері биоүйлесімді, биоыдырайтын, экологиялық таза және өзіндік құны төмен материалдарға сұраныстың артуы нәтижесінде синтетикалық полимерлердің орнына табиғи полимерлерді қолдануға деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетті.

Табиғи полимерлердің ішінде целлюлоза қолданылу аясы кең шикізат көзі болып табылады. Целлюлоза табиғатта кең таралуымен, уытсыздығымен және молекуласындағы гидроксил топтарының нәтижесінде әртүрлі функционалды материалдармен химиялық модификациялауға қабілеттілігімен ерекшеленеді. [211] зерттеулерде синтетикалық полимерлерден алынған суперабсорбенттерді қолдану арқылы топырақ экологиясын жақсарту бағытында жұмыстар жүргізілген. Нәтижесінде, сорбциялық сыйымдылығы 400-800 г/г тең, тыңайтқыштық қасиеті бар, өнімділікті 30%-ға дейін арттыра алатын композиттік гидрогельдер алуға болатындығы анықталған. Дегенмен, бұл суперабсорбенттерді алуда қолданылатын акрил қышқылы, полиакриламид, акриламид, поливинил спирт, поливинилпирролидон, N-изопропилакриламид және diallyldimethyl ammonium chloride сияқты синтетикалық мономерлер топырақ құрамының өзгеруіне, рН ортасының тұрақсыздануына, топырақтың сортаңдануына, топырақ түйіршіктерінің бірігіп қатаюына, ауа өткізгіштігінің нашарлауына әкелетіндігі, сонымен қатар, өсімдік тамырларының жетілуі мен қоректік заттарды қабылдауына, топырақ микрофлорасына кері әсер ететіндігі зерттелген [212]. Сол себепті соңғы жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстары гидрогельдердің қолданылу аясын шектейтін: төмен ерігіштік, жоғары кристалдылық, биоыдырау қабілеті төмен, механикалық және термиялық тұрақтылығы нашар, сондай-ақ уыттығы жоғары мономерлер мен тігуші агентті қолдану сияқты кемшіліктерді жоюға бағытталған [211].

Осы мәселелерді шешуде ғалымдардың назары биоүйлесімділігі жоғары, механикалық тұрғыдан берік, биоыдырауға бейім, қайта жаңартылатын табиғи көздерден алынатын полимерлер негізіндегі композиттік гидрогельдер синтезіне ауа бастады. Атап айтқанда, целлюлоза мен оның туындыларын биоыдырағыш композиттерді алуға қолдану ғалымдардың үлкен қызығушылығын тудырып отыр [213]. Сондықтан, табиғатта ең көп таралған полисахаридтердің бірі болып табылатын целлюлоза – тізбекті құрылымы, құрамындағы функционалдық топтар және гидрогель түзу қабілеті арқасында гидрогельдер синтездеуде аса тиімді полимерлік материал ретінде қарастырылады.

Целлюлоза негізінде алынған гидрогельдердің медицинада дәрі тасымалдағыш, жара таңғыш (wound healing), өндірістік қалдық суды ауыр металдардан тазарту үшін сорбент, тамақ өнеркәсібі үшін қаптағыш материалдар және ауылшаруашылығында тұқым қоспасы (seed additives), тұқым жабыны (seed coatings), өсімдің өсуін реттегіштер (growth regulators), қорғаныш заттар (protecting agents) және бақыланатын босату (controlled release) ретінде қолдану мүмкіншілігі зор [214]. Бірқатар зерттеулерде целлюлозаны полиакриламид, акрил қышқылы, крахмал, альгинат және глицеролмен қоса тігу арқылы алынған гидрогельдердің ауылшаруашылығында қолданылу мүмкіншілігі зерттелген [215]. Синтетикалық мономерлерді целлюлозамен үйлестіре отырып гидрогель синтездеу, оның сорбциялық және механикалық қасиетіне оң әсер етумен қатар, биологиялық ыдырау қабілетін жақсартады.

Құрамындағы тігуші агенттің түріне байланысты гидрогельдер екі негізгі категорияға бөлінеді: физикалық және химиялық гидрогельдер.

Физикалық гидрогельдер қайтымды, әлсіз байланыстар арқылы түзіледі. Бұл байланыстарға иондық өзара әрекеттесулер, сутектік байланыстар (Н-байланыс), гидрофобтық күштер және полимер тізбектері арасындағы молекулалық түйісулер жатады [212]. Мұндай құрылымдар қоршаған ортаның әсеріне сезімтал болып келеді.

Ал, химиялық гидрогельдер, керісінше, коваленттік байланыстар арқылы тұрақты құрылым түзе отырып, үшөлшемді тізбекті берік етіп, гидрогельдің ұзақ уақыт бойы тұрақты күйде қалуына мүмкіндік береді. Мұндай гидрогельдер де сыртқы орта факторларына, мысалы, рН орта мен иондық күшке сезімтал болып, олардың ісіну дәрежесінің өзгеруіне әкеледі [212]. Жалпы, физикалық гидрогельдер қоршаған ортаға тез жауап беретін материалдар ретінде, ал химиялық гидрогельдер құрылымдық беріктігі жоғары, ұзақ мерзімді қолдану үшін қолайлы болып саналады.

Стимулға жауап беретін гидрогельдер: Мұндай гидрогельдер әзірлеуде целлюлоза туындыларының тиімділігі жоғары болып табылады. Целлюлоза туындыларының суда еру қабілеті, олардың мономерлермен полимерленіп, гельдік құрылым түзуіне мүмкіндік береді. Осы қасиетінің арқасында целлюлоза негізіндегі материалдар функционалды, экологиялық таза және биоүйлесімді гидрогельдер синтездеуге тиімді шикізат болып табылады. Мысалы, целлюлоза туындысына жататын карбоксиметилцеллюлоза (СМС) стимулға жауап беретін гидрогельдерді синтездеуге арналған негізгі материалдардың бірі [213]. Тотыққан СМС 3,3'-дитиобис(пропионгидразид) қосылысымен бірлесіп гидрогель түзуге қолданылған [213]. Мұндай үйлесім гидрогельдердің функционалдығын арттырады. Сонымен қатар, целлюлоза ацетоацетаты мен цистамин дигидрохлориді негізінде алынған гидрогельдер тотығу-тотықсыздану және рН сияқты екі түрлі стимулға бір уақытта жауап бере алады. Бұл жүйелерде энамин топтары рН өзгерісіне, ал дисульфид топтары тотықсыздандырғыш агенттердің болуына байланысты белсендіріліп, гидрогельдің құрылымдық өзгеруіне әкеледі.

Фотонды және көпстимулға жауап беретін целлюлоза негізіндегі гидрогельдер. Фотонды жауапты целлюлоза негізіндегі гидрогельдер целлюлоза нанокристалдары, акриламид және 2,2-диэтоксиацетофенон негізінде синтезделген [214]. Бұл құрылымдар жарық әсеріне жауап беріп, оптикалық сенсорлар мен бөлу технологияларында қолданылуы мүмкін [214]. Сондай-ақ, мұндай гидроельдер соңғы жылдары сенсорлық технологиялар саласында ерекше қызығушылық тудыруда. [213] зерттеуде пикеринг эмульсияларын тұрақсыздандыру үшін целлюлоза нанокристалдары, поли(олигоэтиленгликоль) метакрилат және поли(метакрил қышқылы) сияқты полимерлермен үйлестірілген жүйелер пайдаланылған.

Бактериялық целлюлоза да рН-қа жауапты гидрогельдер синтездеуде кеңінен қолданылады. Мысалы, NaOH/мочевина ерітіндісінде калий персульфаты арқылы көлемдік полимерлеу әдісімен бактериялық целлюлоза-g-поли(акрил қышқылы-ко-акриламид) гидрогелі әзірленген [214]. Бұл гидрогельдің бейтарап рН ортадағы ісіну коэффициенті қышқыл ортаға қарағанда 30 есе жоғары. [213,214] зерттеуде бактериялық целлюлоза натрий альгинатымен қосылып, рН және электр өрісі стимулдарына жауап беретін гидрогель синтезін жүргізген.

Температураға жауап беретін гидргель әзірлеу бойынша да жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстары кездеседі. Мысалы, ТЕМРО-тотықтырылған бактериялық целлюлоза мен эластин тәрізді полипептид (ELP) негізінде құрылған жүйеде оң зарядталған ELP жоғары температура кезінде теріс зарядталған целлюлоза нанофибрилдерімен кросс-байланыс түзеді. Бұл өздігінен реттелетін, термосезімтал және биоүйлесімді гидрогель алуға мүмкіндік береді.

Целлюлоза негізіндегі термиялық жауап беретін және механикалық тұрғыдан жақсартылған гидрогельдер. [215] зерттеуде ғалымдар термиялық жауап беретін смарт-гидрогель жасау үшін беріктік қасиет беретін целлюлоза наноталшықтарын қолданған. Мақта целлюлозасынан күкірт қышқылдық гидролиздеу арықылы алынған целлюлоза наноталшықтары негізінде N-изопропилакриломид (NIPAm) пен метиленбисакриламидтің (МБА) қатысуымен және калий персульфаты (KPS) көмегімен бос радикалды полимерлеу арқылы гидрогель синтездеген. PNIPAm термосезімтал компонент ретінде, ал CNF беріктік қасиетін арттыратын агент ретінде қолданылған. Зерттеу нәтижесінде гомогенді, тығыз құрылымды және пораларға ие гидрогельдер синтезделген. CNF қосу тепе-теңдік ісіну коэффициентін (ESR) арттырып, гидрогельдің су сіңіру қабілетін жақсартады.

Басқа да зерттеуде [216] термиялық қасиеті жақсартылған CNF негізіндегі желатин гидрогелі әзірленген. Мұнда тотыққан CNF құрамындағы альдегид топтары желатиннің ε -амин топтарымен ковалентті байланыс түзеді. CNF-тің периодатпен тотығуы кезінде C2–C3 байланысының ыдырауы нәтижесінде диальдегид топтары түзіліп, бұл желатинмен әрекеттесу арқылы гель құрылымын тұрақтандырған. Алайда, бұл

байланыстар гельдің механикалық және термиялық беріктігін арттырғанымен, су сіңіру қабілетінің төмендеуіне әкеледі. Жалпы, термо-және иондық стимулдарға жауап беретін осындай гидрогельдер дәрілік заттарды жеткізу, биосенсорлар процестерінде аса тиімді материал ретінде бағаланады.

[217] зерттеуде натрий алгинаты негізіндегі гидрогельді целлюлоза нанокристалдары (CNC) және полипирролмен (PPy) біріктіру арқылы жоғары тиімді фототермиялық композит дайындаудың қарапайым және экологиялық таза тәсілі ұсынылған. Гидрогельдің булану тиімділігін барынша арттыру мақсатында өңдеу параметрлері Тагучи әдісі негізінде оптимизацияланған. Нәтижесінде целлюлоза нанокристалдары мен полипирролдың енгізілуі композиттік гидрогельдің жарық сіңіру қабілетін, құрылымдық тұтастығын және гидрофильділігін арттырып, алынған гидрогель тұздар, қаттылық иондары, бояғыштар және ауыр металдар сияқты әртүрлі ластаушы заттарды тиімді түрде тазарту қабілетіне ие болған. Бұл гидрогельдердің суды тазарту және тұщыландыру салаларында қолдануға мүмкіндік береді.

Осылайша, ауылшаруашылық қалдықтарынан алынған табиғи полимерлер негізінде экологиялық таза, сорбциялық сыйымдылығы үлкен, әрі биологиялық ыдырауға бейім суперсорбенттерді синтездеу және оны медицина, тамақ өнеркәсібі, ауылшаруашылығы саласында қолдану өзекті болып табылады.

Кесте 6 – Гидрогельдерді әзірлеуде қолданылатын шикізат түрлері, әдістер және қолдану аясы.

Шикізат	Әдіс	Қолданылуы	Зерттеулер
Гидроксиэтил целлюлоза (ГЭЦ)	Химиялық тігілу	Жараларды таңу	[218]
	Бос радикалды полимерлеу	Өздігінен қалпына келтіру	[218]
Карбоксиметил целлюлоза (КМЦ)	Тасмалдау (Grafting)	Металл иондарынан тазарту	[213]
	Химиялық тігілу	Фотолюминесценция	[213]
	Гамма-сәулелену	Гемостат гидрогелі	[219]
	Химиялық тігілу	Жалған маркировкадан қорғау	[218,213]
	Сополимеризация	Бояуды кетіру	[219]
	Химиялық тігілу	Гидрогель шариктері	[213]
	Химиялық тігілу	Дәрі-дәрмек тасымалдаушы	[213]
	Мұздату-еріту	Ферментінің имобилизациясы	[213]
	Бос радикалды полимерлеу	Тіндік инженерия және регенеративті медицина	[220]

Полиэтиленгликоль (ПЭГ)	Фотополимерлену	Имплантаттар	[207]
	Химиялық тігілу	Дәрі-дәрмек тасымалдаушы	[207]
Гидроксипропилметил целлюлоза (ГПМЦ)	Химиялық тігілу	Термоэффективті гидрогель	[221]
	Химиялық тігілу	Дәрі-дәрмек тасымалдаушы	[221]
	Радиация	Тіндік инженерия және регенеративті медицина	[207]
Гидроксипропил целлюлоза (НРС)	Химиялық тігілу	Термоэффективті гидрогель	[213]
	Фототігілу	Биомедицина	[219]
	Мұздату-еріту	Биомедицина	[213]
	Алдын ала полимерлеу	Ластануға қарсы	[213]
Крахмал	Радикалды полимерлену	Жараны таңу	[221]
	Мұздату-еріту	Биомедицина	[221]
Поливинил спирті (ПВС)	Мұздату-еріту	Қалпына келтіретін дәрілер	[220]
	Мұздату-еріту	Радом материалдары	[220]
	Мұздату-еріту	Препараттарды әзірлеу	[220]
	Мұздату-еріту	Биомедицина	[221]
Полиакриламид	Радиация	Ауылшаруашылығы	[218]
Хитозан	Фотополимерлену	Биомедицина	[207]
	Фотополимерлену	Тіндерге арналған желім	[207]
Микрокристалды целлюлоза (МКЦ)	Радикалды полимеризация	Топырақ «кондиционері»	[264]
Наноцеллюлоза (НЦ)	Радикалды полимеризация	Ауыр металл иондарын тазарту	[210]

2.2 Нанокристалды және наноталшықты целлюлоза негізіндегі гидрогельдер алу әдістері

Гидрогельдердің үш өлшемді полимерлік желісіне микро- немесе наноөлшемді бөлшектерді енгізу – олардың механикалық беріктігін, ісіну қабілетін және сорбциялық қасиеттерін жақсартуға негізделген жаңа қолданыс бағыты болып табылады. Дәстүрлі гидрогельдік құрылымдарда жоғары ісіну және жоғары механикалық беріктік қасиеттерін бір уақытта қамтамасыз ету қиындық тудырады [222,223]. Бұған қоса, мұндай

гидрогельдерді ісінген күйде қолдану иілгіштік қасиетін төмендетіп, сынғыштық қасиетін жоғарылатады. Нәтижесінде сыртқы механикалық күштерге төзімділігі төмендейді [224].

Осы мақсатта гидрогель құрылымын жетілдіру және оның қасиеттерін жақсарту үшін гидрофильді қасиетке ие нанобөлшектерді қолдану көзделген. Бұл бағытта қолдануға болатын материалдарға монтмориллонит, бентонит, каолинит және сепиолит сияқты бейорганикалық саз негізіндегі синтетикалық нанобөлшектер жатады [223]. Алайда, мұндай саздардың гидрогельдік жүйеде кеңінен қолданылуын шектейтін факторлардың бірі – олардың дисперсиялық қасиеттерінің әлсіздігі. Бұл өз кезегінде сазды алдын ала модификациялауды немесе арнайы араластыру әдістерін қажет етеді [224, 223]. Ал наноцеллюлозаның қасиеттері синтетикалық нанобөлшектерге тиімді балама бола алады. Ол $1,5 \text{ г/см}^3$ тығыздыққа ие, жаңартылатын табиғи ресурс және өңдеу шарттары қауіпсіз, әрі үнемді болып табылады [225]. Сонымен қатар, наноцеллюлоза жоғары механикалық беріктік, биоыдырағыштық және тұрақтылық қабілеті сияқты артықшылықтармен ерекшеленеді [224].

CNC негізіндегі гидрогельдер. Гидрогельдердің механикалық қасиетінің төмен болуы – оның басты кемшілігі. Қолайсыз орта жағдайында гидрогельдің құрылымдық тұтастығын сақтау және олардың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін механикалық беріктікті арттыру қажеттілігі туындайды. Бұл мәселені шешудің тиімді жолдарының бірі – гидрогель матрицасын әртүрлі нығайтушы агенттермен, соның ішінде целлюлоза нанокристалдарымен (CNC) модификациялау болып табылады [226-228].

CNC соңғы жылдары жоғары созылу беріктігі, қаттылығы, биологиялық ыдырағыштығы, қайта жаңартылатындығы, гидрофильділігі, төмен тығыздығы және жоғары беткі ауданымен ерекшеленетін күшейтуші толтырғыш ретінде ерекше назарға ие болды [227,229]. Гидрогель құрылымына CNC қосу арқылы алынған композиттік жүйелердің механикалық тұрақтылығы мен функционалдық сипаттамалары айтарлықтай жақсаратыны дәлелденген [227,228].

Соңғы зерттеулерге сәйкес, нанобөлшектерді қолдану арқылы гидрогельдер синтездеу, соның ішінде нанокомпозиттік гидрогельдер алу, алынған материалдардың механикалық қасиеттерін едәуір жақсартуға мүмкіндік беретіні анықталды. Бұл әдіс гидрогельдердің құрылымдық беріктігі мен функционалдық тиімділігін арттыруға бағытталған перспективалы әдіс ретінде қарастырылуда.

Полисахаридтер (мысалы, целлюлоза, хитозан, альгинат және т.б.) бір-біріне енетін гидрогельдік желілерді (interpenetrating polymer networks, IPNs) қалыптастыру үшін кеңінен қолданылады. Бұл олардың табиғи тектілігімен, мол мөлшерде және жаңартылатын ресурстардан алынуымен, сондай-ақ, құрылымдарындағы әртүрлі функционалдық топтар ($-\text{OH}$, $-\text{COOH}$, $-\text{NH}_2$) арқылы химиялық модификацияға икемділігімен түсіндіріледі. Сонымен қоса, полисахаридтік гидрогельдер жасушалар үшін табиғи тінге ұқсас биомиметикалық орта қалыптастырып, жасуша адгезиясы,

пролиферациясы және жасушадан тыс матрица (ECM) түзілуін ынталандырады. CNC негізінде синтезделген нанокомпозиттік гидрогельдер жоғары механикалық және биологиялық үйлесімділікті талап ететін салаларда (мысалы, тіндік инженерия, жараны емдеу, дәрілік тасымалдау жүйелері) қолдануға жоғары потенциалды материалдар болып табылады.

CNF негізіндегі гидрогельдер. Икемді және ұзын пішінді нанобөлшектер болып табылатын целлюлоза наноталшығы (CNF) өзінің нанометрлік диаметріне байланысты беттік ауданы үлкен болып келеді. Бұл қасиет композиттерде, соның ішінде CNF негізіндегі материалдарда, фазааралық өзара әрекеттесу арқылы энергияны тиімді таратуға мүмкіндік береді. CNF сулы ортада жақсы дисперсияланып, талшықтармен қамтамасыз етілген шағылу әсерінің арқасында желілік құрылымдар түзе алады. Бұл құрылымдар гидрогельдің тұтқырлығын арттырып, нанокристалдарға қарағанда тиімдірек әсер береді [230].

Целлюлозалық наноталшықтар (CNF) дисперсиясының механизмі олардың алдын ала химиялық өңделуіне тікелей байланысты. Мұндай өңдеу талшықтарды наноөлшемді фибрилдерге дейін тиімді ыдыратуға мүмкіндік береді. Егер CNF ешқандай химиялық модификациядан өтпеген болса, онда олардың судағы дисперсиясы негізінен жарықтың шағылу құбылысына байланысты жүзеге асады, яғни фибрилдер арасында тұрақты өзара әрекеттесу болмайды. Ал керісінше, химиялық түрде модификацияланған CNF құрылымдары, мысалы, карбоксилатталған CNF, су ортасында өздігінен бағыттанып, тұрақты дисперсия түзеді. Бұл жағдайда тұрақтылықтың негізгі факторы ретінде наноталшықтар арасындағы электростатикалық итеруші күштер әрекет етеді [231].

CNF өте төмен концентрацияларда да гидрогель түзуге қабілетті. Бұл гидрогельдердің тұрақтылығы талшықтардың түйілуі, спецификалық емес иондық өзара әрекеттесулер, сондай-ақ сутектік байланыстар сияқты өтпелі өзара әрекеттесулер арқылы қамтамасыз етіледі. Сутектік байланыстар химиялық немесе физикалық өзгерістерге, яғни қоршаған ортаның әртүрлі факторларына сезімтал келеді [232].


Наноцеллюлозаның жоғары қаттылығы мен модульдік қасиеттері оны гидрогельдердің қолданбалы сипаттамаларын жақсарту үшін тиімді күшейткіш толтырғыш ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл қасиеттермен қоса, нанофибрилдердің желі түзу қабілеті де ерекше маңызға ие. Олар полимерлі матрицада целлюлоза нанокристалдары мен нанофибрилдерді күшейткіш агенттер ретінде пайдалануға жол ашады [233].

Гидрогельдік тізбектер мен наноталшық құрылымдары арасындағы жанасу бетінің ұлғаюы, сондай-ақ бөлшектердің гидрогельдік матрицада толық дисперсиялануы нәтижесінде гидрогельдің механикалық қасиеттерін жақсартуға болады [232].

Ғалымдар өз зерттеулерінде [233] массалық үлесі 10% болатын целлюлоза нанофибрилдерінің (CNF), инициатор ретінде калий персульфатының және тігуші агент ретінде N,N-метиленбисакриламидтің қатысуымен акриламид (AAm) мономерінің еркін радикалды полимерленуі

арқылы алынған композиттік гидрогель құрамында жұмсақ ағаш крафт-целлюлозасынан алынған CNF-тің беріктік қабілетін көрсеткен. Аталған композициялық гидрогельде коваленттік байланыстар PAAm матрицасында түзілсе, динамикалық сутектік байланыстар CNF мен матрица арасында қалыптасқан. Гидрогель түзілуі кезінде CNF және PAAm матрицасының гидроксил топтары арасындағы сутектік байланыстар полимер тізбектерінің CNF бетіне адсорбциясын тудырып, интерфейстік армирлеуші әсерді қамтамасыз етеді.

[232] зерттеуде целлюлоза нанофибрилдері (CNF) полиакрил қышқылы мен акриламид (PAA-co-PAAm) матрицасына енгізілген. Бұл композиттік гидрогель тігуші агент ретінде метиленбисакриламидтің қатысуымен және еркін радикалды полимерлеу әдісімен алынған (Сурет 6). Полимер тізбектерінің CNF бетіне егілуі (grafting) сульфат анионының радикалдары мен CNF құрамындағы гидроксил топтары арасында жүретін тасымалдау реакциясы арқылы жүзеге асқан. Зерттеу барысында CNF-тің гидрогельдің ісіну қасиеттеріне және механикалық сипаттамаларына әсері зерттелген. Нәтижелерге сәйкес, CNF мөлшерінің артуы гидрогельдің ісіну қабілетінің төмендеуіне алып келеді. Бұл құбылыс шиеленіскен целлюлоза фибрилдері мен полимер тізбектерінің химиялық байланысуымен түсіндіріледі. Нәтижесінде гидрогельдің көлденең байланыс тығыздығы артады. Ісіну қабілетінің төмендеуіне қарамастан, CNF механикалық қасиеттердің, атап айтқанда, серпімділік модулі мен қысу беріктігінің жоғарылауына ықпал еткен. Бұл құбылыс CNF бөлшектерінің жақсы дисперсиясы мен полимер тізбектерінің фибрилдер бетіне тиімді егілуімен байланысты.



Сурет 6 – Целлюлоза мен полиакрил қышқылының бос радикалды полимерлену реакциясы ([234] Авторлық құқық № 2016, Springer)

Жалпы алғанда, CNF және басқа да целлюлозалық талшықтарды гидрогель жүйесіне енгізу олардың құрылымдық және механикалық қасиеттерін айтарлықтай жақсартады. Алайда, бұл қасиеттер қолданылған полимер матрицасының табиғатына, талшықтардың дисперсия дәрежесіне

және жүйенің синтез әдістеріне тікелей байланысты [235]. Сондықтан, гидрогельдердің нақты қолдану аясына қарай жүйелі әрі бағытталған модификациялар жүргізу маңызды болып табылады.

2.3 Табиғи полимер негізіндегі гидрогельдер синтездеуде тігуші агенттің рөлі

Полимер тізбектерін тігуші агент арқылы химиялық байланыстыру, тігілу дәрежесі мен полимердің кристалдылық деңгейіне қарай гидрогельдің физикалық қасиетіне айтарлықтай әсер етеді. Егер тігуші агенттің мөлшері тым аз қолданылса, полимер тізбектері арасындағы физикалық әрекеттесу әлсіз болады, бұл полимердің суда еруіне алып келеді. Керісінше, тігуші агенттің артық мөлшері гидрогельдің жоғары дәрежеде тігілген құрылымына әкеліп, оның ісіну қабілетін төмендетеді.

Тігуші агент арқылы полимерді модификациялау нәтижесінде оның серпімділігі артады, тұтқырлығы төмендейді, термиялық тұрақтылығы мен механикалық беріктігі жоғарылайды, соққыға төзімділігі жақсарады, сондай-ақ балқу температурасы төмендейді (аз дәрежеде тігілген кристалды полимерлер үшін). Бұл процесс термопластикалық материалдарды термосеттерге айналдыруға мүмкіндік береді [236].


Гидрогель синтезінде қолданылатын тігуші агент таңдалатын целлюлоза туындысына байланысты болады. Целлюлоза негізіндегі гидрогельдер үшін жиі қолданылатын тігуші агенттерге эпихлоргидрин (ЭХГ) [237], альдегид негізіндегі реагенттер [238], мочевиная туындылары [239] және полифункционалды карбон қышқылдары [240] жатады. Алайда, альдегидтер толық реакцияға түспеген жағдайда уыттылық танытуы мүмкін [241].

Целлюлоза негізінде лимон қышқылын қолдана отырып тігілген гидрогельдер экологиялық тұрғыдан қауіпсіз болып табылады. Мұндай гидрогельдер өндіріс процесінде уытты қосылыстар түзбейді, жоғары ісіну қабілетіне ие және биоыдырайтын қасиеттер көрсетеді [242].

Гидрогельдердің көпфункционалды қасиеттері оларды қолданбалы зерттеулерде, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да өндіріс салаларында биоматериал ретінде кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді. Гидрогельдердің бірегей физико-химиялық қасиеттері оларды радиоактивті қалдықтарды жою [243], ағынды сулардан метилен көк бояуын адсорбциялау [244], тін инженериясы [245], жараларды емдеу [246] және өсімдіктердің өсу ортасын жақсарту [247] сияқты әртүрлі салаларда қолдануға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, гидрогельдердің қолданылу саласының кеңдігі олардың экологиялық тұрғыдан қауіпсіз және тұрақты болуын талап етеді. Осыған байланысты қазіргі зерттеулер экологиялық таза тігуші агенттер арқылы синтезделетін гидрогельдерге бағытталуда. Соңғы жылдары зерттеушілер целлюлоза негізіндегі гидрогельдерді лимон қышқылы арқылы химиялық тігуге ерекше назар аударып отыр. Бұл тәсіл гидрогельдің биологиялық ыдырағыштығы мен ісіну қасиеттерін жақсартып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Гидрогель синтезінде тігуші агенттер полимер тізбектері арасында химиялық, физикалық, иондық және сутектік байланыстар орнату арқылы үш өлшемді полимерлі желі құруға мүмкіндік береді [248]. Бұл желі полимердің ісіну қасиетін, құрылымдық тұрақтылығын және механикалық беріктігін қамтамасыз етеді. Химиялық тігілу молекулалық тізбектер арасында ковалентті байланыстар түзілуі арқылы тұрақты үш өлшемді құрылым қалыптастыруға негізделеді [249].

Гидрогельдерді синтездеуде қолданылатын тігуші агенттер табиғи және синтетикалық көздерден алынуы мүмкін (7-сурет). Кейбір тігуші агенттердің (әсіресе, альдегидтер) қолданылуы олардың уыттылығына байланысты шектеулі болады. Бұл агенттер реакцияға толық түспеген жағдайда, соңғы өнім – гидрогель биологиялық үйлесімді болмауы немесе қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін [250]. Әдетте, артық және реакцияға түспей қалған тігуші агенттерді синтез аяқталғаннан кейін дистилденген сумен мұқият шаю арқылы жоюға болады. Дегенмен, гидрогельдің қауіпсіздігі мен экологиялық тазалығын қамтамасыз ету үшін улы немесе биологиялық қауіпті тігуші агенттерден аулақ болған жөн [251].



Сурет 7 – Гидрогель синтездеуде қолданылатын тігуші агент түрлері

2.4 Екінші бөлім бойынша қорытынды

Осы уақытқа дейін гидрогельдер көбінесе синтетикалық полимерлер негізінде, соның ішінде акрил қышқылы көмегімен синтезделіп келді. Акрил қышқылы мұнай өнімі болғандықтан толық ыдырамайды және қоршаған ортада ұзақ уақытқа дейін сақталады. Осыған байланысты соңғы зерттеулерде гидрогель синтезінде акрил қышқылы сияқты синтетикалық мономерлердің орнына балама шикізат ретінде целлюлоза немесе оның туындыларын қолдану арқылы «жасыл химия» және биоүйлесімді материалдар алу бағытына маңызды қадам жасалды.

Гидрогель синтезінде акрил қышқылының орнына целлюлозаны қолдану – экологиялық, медициналық және технологиялық тұрғыдан тиімді әрі қауіпсіз. Әсіресе, ауылшаруашылық қалдықтарынан алынатын целлюлоза негізінде синтезделген гидрогельдер сорбциялық сыйымдылығы үлкен, биоүйлесімді және биологиялық ыдырауға бейім болып келеді, сонымен қатар, экономикалық тұрғыдан өзіндік құны төмен, әрі экологиялық тиімді композитік материал болып табылады.

Сондықтан, агроөнеркәсіп саласынан қалатын биоресурсты тиімді пайдалана отырып, табиғи полимерлер негізінде экологиялық таза, сорбциялық сыйымдылығы үлкен, әрі биоыдырауға бейім суперабсорбенттерді синтездеу, әлі де толық шешімін таппаған өзекті проблемалардың бірі болып қалады.

3 МИКРО- ЖӘНЕ НАНО ЦЕЛЛЮЛОЗА НЕГІЗІНДЕГІ ГИДРОГЕЛЬДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

3.1 Ауылшаруашылығына арналған гидрогельдер

Гидрогельдердің суды сіңіріп, ұзақ уақыт бойы ұстап тұру қабілеті, оларды әртүрлі салада қолдануға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, бұл материалдар гигиеналық өнімдерде, дәрі-дәрмекті мақсатты жеткізу жүйелерінде, тіндік инженерияда, сенсорлық құрылғыларда және ауылшаруашылығында кеңінен қолданылады [252,253].

Гидрогельдердің жоғары ылғал сіңіргіштік қасиеттері олардың молекулалық құрылымындағы гидрофильді функционалдық топтардың – гидроксил ($-OH$), карбоксил ($-COOH$) және амид ($-CONH_2$) топтарының болуымен тығыз байланысты. Бұл топтар полимер тізбегінің суды сіңіру және сақтау қабілетін арттырып, материалдың ісіну және ылғал сақтау қасиеттерін жақсартады [254].

Климаттық өзгерістерге байланысты жер бетіндегі құрғақшылық мәселесі өсімдіктерде реактивті оттегі түрлерінің артық түзілуіне алып келеді. Мұндай жағдайлар өсімдіктердің морфологиялық және физиологиялық параметрлерінің бұзылуына, атап айтқанда, жапырақ беті ауданының кішіреюі мен өсімдік биіктігінің шектелуіне әкеледі. Гидрогельдер бұл мәселені шешуде перспективалы материалдардың бірі болып табылады. Олар топыраққа енгізілген кезде өсімдіктің тамыр айналасында су қоймасы ретінде әрекет етеді және ылғалды бақылай отырып, біртіндеп шығарып отырады. Мұндай реттелетін су жеткізу механизмі өсімдіктердің қолайсыз климаттық жағдайларда тұрақты өсуін қамтамасыз етіп, дақылдардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді [255-257].

Сонымен қатар, гидрогельдер өсімдіктердің қажеттіліктеріне сәйкес суды және суда еритін тыңайтқыштарды сіңіріп, оларды баяу әрі біркелкі түрде босату мүмкіндігіне ие [256,258,259]. Бұл су ресурстарын тиімді пайдалануға, өсімдіктердің ылғал тапшылығынан жойылу қаупін азайтуға және топырақтағы ылғалдың сақталуын жақсартуға ықпал етеді. Бау-бақша шаруашылығы жағдайында ылғалдың жеткіліксіздігі өсімдіктерде жапырақтың мерзімінен бұрын түсуіне, хлорофилл концентрациясының төмендеуіне, тұқым мен жеміс өнімділігінің азаюына, сондай-ақ өсімдіктің гүлденуінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Гидрогельдерді қолдану бұл жағымсыз әсерлердің алдын алуға және ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Алайда, қазіргі таңда кеңінен қолданылып жүрген гидрогельдердің көпшілігі акрилаттар негізінде синтезделеді. Мұндай гидрогельдер биологиялық ыдырай қоймайтын, қоршаған орта үшін қауіпті және уытты болып келеді. Осыған байланысты ауылшаруашылығында, экологиялық технологияларда және биомедицинада кеңінен қолдану үшін экологиялық таза, биологиялық ыдырайтын гидрогельдерге сұраныс артып отыр [260].

[261-264] зерттеулерде өсімдіктерді өсіру кезеңінде судың қолжетімділігін арттыру мақсатында целлюлоза негізіндегі биологиялық ыдырайтын гидрогельдер синтезделген. Бұл гидрогельдер ауылшаруашылық

дақылдарының тамыр аймағында ылғалды сақтай отырып, оны диффузиялық жолмен біртіндеп босату арқылы суаруды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Ауылшаруашылығындағы суперсіңіргіш полимерлер қолданудың тағы бір маңызды аспектісі – олардың қоректік заттармен және фитофармацевтикалық қосылыстармен (тыңайтқыштар, пестицидтер және т.б.) толтырылу мүмкіндігі. Мұндай жүйелер қоректік заттарды немесе белсенді қосылыстарды біртіндеп және бақыланатын түрде босата алады, бұл өсімдіктердің қоректенуін оңтайландырып, агрохимиялық заттардың тиімділігін арттырады [265].

Сондықтан, гидрогельдердің ылғалды сорбциялау уақытының тез жүруі мен суды максималды сіңіру қасиеті маңызды. Ал гидрогельдің бойына сіңірген ылғалды баяу шығаруы – топырақтағы ылғал мөлшерінің тұрақты болуын және сәйкесінше өсімдіктің жақсы өсуін қамтамасыз ете алады. Сол себепті де, ауылшаруашылық қалдықтарынан алынған табиғи полимерлер негізінде экологиялық таза, сорбциялық сыйымдылығы үлкен, әрі биологиялық ыдырауға бейім суперабсорбенттерді синтездеу және оны ауылшаруашылығында қолдану өзекті болып табылады.

3.2 Ауыр металл иондарын сорбциялауға қабілетті гидрогельдер

Қазіргі заманғы өнеркәсіптік даму экономикалық өсімді қамтамасыз етумен қатар, қоршаған ортаға, әсіресе су ресурстарына, айтарлықтай зиян келтіреді. Өнеркәсіптік өндірістерден бөлінетін ластаушы заттар, әсіресе улы ауыр металл иондары тірі организмдер үшін экотоксикологиялық қауіп төндіреді [266]. Осыған байланысты су көздерінен ауыр металл иондарын тиімді жоюға бағытталған экологиялық қауіпсіз және жоғары тиімді технологияларды әзірлеу қажеттілігі туындап отыр. Осы орайда жоғары сорбциялық қасиетке және құрылымдық икемділікке ие ауыр металл иондарын сорбциялауға қабілетті гидрогельдерді табиғи полимерлердің негізінде синтездеу қарқынды зерттеліп жатыр.

Су көздерінің органикалық және бейорганикалық ластаушы заттармен ластануы қазіргі таңда жаһандық экологиялық мәселеге айналды. Ағынды сулардың су қоймаларына тазартусыз ағуы қолжетімді тұщы су ресурстарының сарқылуына әкелуде. Осыған байланысты, ауыр металдар және синтетикалық бояғыштармен ластанған ағынды суларды залалсыздандырудың арзан әрі экологиялық қауіпсіз әдістерін табу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды.

Ағынды сулардан ауыр металл иондарын жоюға арналған әртүрлі әдістер әзірленгенімен, олардың көбі тиімділігі төмен, улы тұнбаның түзілуі, жоғары экономикалық шығындар және күрделі технологиялық үдерістермен шектеледі [267]. Химиялық тұндыру, ион алмасу, электрохимиялық өңдеу, мембраналық фильтрация, коагуляция, ионды флотация және адсорбция сияқты қолданыстағы әдістердің ішінде; адсорбция қарапайым, тиімді және үнемді әдіс болып табылады [268]. Бұл әдіс адсорбент бетінде иондардың жиналуына негізделіп, металл иондарының моноқабаттарын тиімді түрде жоюға мүмкіндік береді. Соңғы зерттеулер үшөлшемді, кеуекті құрылымға

ие, қайта пайдалануға жарамды және табиғи полимерлер негізінде дайындалатын гидрогель негізіндегі адсорбенттердің бұл мақсатта жоғары әлеуетке ие екенін көрсетуде [269,270]. Осыған байланысты ионогенді полимерлі гидрогельдер ауыр металл иондарын жоюда тиімді және экологиялық балама ретінде ерекше назарға ілікті.

[271] зерттеуде бейтарап акриламид (AAm) мономерімен әртүрлі иондық мономерлер: күшті қышқыл (2-акриламидо-2-метилпропансульфон қышқылы), әлсіз қышқыл (акрил қышқылы) және цвитерионды қосылыстың қатысуымен гидрогельдер синтезделген. Алынған гидрогельдердің Fe^{3+} , Cr^{3+} және Hg^{2+} иондарын сулы ерітіндіден адсорбциялау қабілеті электростатикалық әрекеттесу, координациялық байланыс және диффузия механизмдері арқылы зерттелген. Нәтижесінде акрил қышқылы негізіндегі әлсіз қышқылды гидрогельдердің ауыр металл иондарын тиімді жою қабілетін көрсетті. Бірақ бұл әдіс экологиялық тиімсіз болып табылады.

[272,273] зерттеуде акрил қышқылы мен 2-гидроксиэтилметакрилатты жоғары ішкі фазалық эмульсия (HIPE) әдісімен сополимерлеу арқылы металл иондарына арналған кеуекті гидрогель негізіндегі адсорбент әзірленіп, Pb^{2+} ионын сорбциялауға қабілетті екендігі зерттелген. [274] зерттеуде ғалымдар суда еритін, табиғи, биоыдырайтын және биоүйлесімді қасиет беретін поли(N-винил-2-пирролидон) (PVP) негізінде гидрогельдік материалдар синтездеуге болатынын айтады. Ол аниондық бояғыштар мен металл иондарын тазартуға қабілетті. Тағы басқа зерттеуде [275] акрил қышқылы мен акриламидтің әртүрлі құрамдарынан тұратын, арзан әрі тиімді суперабсорбент полимерлік гидрогелі алынып, ауыр металл иондарын жоюдың тиімді әдісін ұсынған. Нәтижесінде гидрогельдер сулы ортада Cd^{2+} , Ni^{2+} , Cu^{2+} және Co^{2+} иондарын рН мәні 2-10 аралығында жоғары тиімділікпен сорбциялауға қабілетті болған.

Гидрогельдер құрамында карбонқышқылы, амин, гидроксил және сульфон қышқылы сияқты функционалдық топтары бар көлденең байланысқан полимерлік құрылымдар болғандықтан, олар металл иондарымен комплекс түзу арқылы адсорбция үдерісін жүзеге асыра алады. Гидрогельдердің жоғары селективтілігі, қайта қолдануға жарамдылығы және экологиялық қауіпсіздігі оларды ауыр металл иондарын жоюдың тиімді баламасы ретінде ұсынуға мүмкіндік береді.

3.3 Дәрілік заттарды адрестік жеткізуге арналған гидрогельдер

Дәрілік заттарды адрестік (мақсатты) жеткізуге арналған гидрогельдер – бұл заманауи биомедициналық технологияда кең қолданылатын, дәрі-дәрмектерді ағзаның нақты бір тініне немесе жасушалық аймағына дәл, әрі тиімді түрде жеткізуге арналған функционалды материалдар. Мұндай гидрогельдер арнайы молекулалық құрылымының және сыртқы сигналдарға жауап беру қабілетінің арқасында дәрілік заттарды тек қажетті жерге бағыттап, оларды сол жерде босата алады. Бұл жүйелердің басты мақсаты – емдік әсерді арттыру және жүйелік уыттылықты (жанама әсерлерді) азайту.

Биомедициналық қолдануда кең әлеуетке ие, көпфункционалды, жоғары гидратталған гидрогельдердің құрылымдық икемділігі, сыртқы факторларға жауап беру қабілеті және биологиялық үйлесімділігі оларды тиімді дәрі-дәрмек жеткізу жүйесі ретінде ерекшелендіреді. Гидрогельдер арқылы дәрілік заттарды бақыланатын және ұзақ мерзімді босату мүмкіндігі уытты әсерлерді азайтып, терапевтік тиімділікті арттырады [276]. Соңғы зерттеулерде гидрогельдерге нанобөлшектер енгізу арқылы олардың физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерін жақсарту жолдары қарастырылуда. Мұндай нанокөпозиттік жүйелер қатерлі ісік, жараларды емдеу, тін инженериясы және асқазан-ішек жолы ауруларында мақсатты және жауапты дәрі жеткізуді қамтамасыз етеді [277,278].

Гидрогельдер мен нанотехнологияның үйлесімі тек дәрі-дәрмек жеткізуде ғана емес, сонымен қатар ақуыздар, пептидтер және нуклеин қышқылдары сияқты күрделі биологиялық препараттарды енгізуге арналған жаңа мүмкіндіктерді ашты [279]. Гидрогель негізіндегі дәрі-дәрмек жеткізу жүйелері дәстүрлі әдістермен салыстырғанда бірнеше маңызды артықшылықтарға ие. Олардың ең құнды мүмкіндіктерінің бірі – дәрі-дәрмектің бақыланатын шығарылуын қамтамасыз ету. Дәстүрлі дәрі-дәрмек жеткізу әдістері жиі қандағы препарат концентрациясының ауытқуына алып келеді, бұл дәрінің тиімділігін төмендетіп, жанама әсерлердің ықтималдығын арттырады [280]. Ал гидрогельдер дәрі-дәрмектің тұрақты және ұзақ уақыт бойы шығарылуын қамтамасыз ету мүмкіндігімен ерекшеленеді, бұл емдеу тиімділігін арттырып, пациенттің емделу тәртібін жеңілдетеді.

Гидрогельдердің тағы бір артықшылығы – олардың әртүрлі физиологиялық жағдайларға жауап бере алуы, бұл оларды әртүрлі медициналық қолданулар үшін тиімді етеді. Мысалы, асқазан-ішек арқылы дәрі жеткізу үшін рН-сезімтал гидрогельдер қолданылады. Олар асқазанның қышқыл рН-ын да тұрақты болып, ішекке жеткен кезде рН деңгейінің өзгеруіне жауап ретінде препаратты босатады [281]. Бұл механизм дәрі-дәрмектерді асқазан-ішек жолдары арқылы тиімді жеткізуді қамтамасыз етеді.

Температураға сезімтал гидрогельдер де өте маңызды, өйткені олар дене температурасының немесе қоршаған орта температурасының өзгеруіне жауап ретінде дәрі-дәрмектерді шығару мүмкіндігін береді [282]. Бұл қасиет әсіресе, жылу реттеу жүйесін талап ететін, ыстыққа сезімтал немесе биологиялық заттарды жеткізуге қажетті қолданбаларда аса маңызды.

Биологиялық жүйелермен толық биоүйлесімділік және биоыдырағыштық – гидрогельдердің тағы бір маңызды қасиеті. Табиғи биополимерлер негізіндегі гидрогельдер, мысалы, альгинат, коллаген және хитозан, адам ағзасында зиянсыз ыдырай отырып, дәрі-дәрмектерді тиімді және қауіпсіз жеткізу үшін қолданылуы мүмкін [283].

Гидрогельдерді «ақылды» тасымалдаушы ететін тағы бір маңызды қасиет – олардың жоғары суды сіңіру және ұстау қабілеті. Бұл қасиет терапевтік агенттердің инкапсуляциясы мен бақыланатын босатылуын қамтамасыз етеді [284].

Соңғы жылдары табиғи, жартылай синтетикалық және синтетикалық полимерлерден дайындалған гидрогельдер қатерлі ісік, асқазан жарасы, ми ісіктері, қант диабеті, бактериялық инфекциялар сияқты әртүрлі ауруларды емдеуде мақсатты дәрі-дәрмек жеткізу жүйесі ретінде белсенді зерттелуде [285]. Бүгінгі таңда адгезістік гидрогельдер эксперименталды деңгейден нақты клиникалық қолдануға өтіп жатыр.

3.4 Үшінші бөлім бойынша қорытынды

Целлюлоза негізіндегі гидрогельдер – табиғи, биоүйлесімді және экологиялық таза материал ретінде ауылшаруашылық, медицина және су тазарту салаларында ерекше маңызға ие. Ауылшаруашылық саласында топырақ ылғалдылығын реттеп, тыңайтқыштарды баяу босату арқылы өсімдіктердің өнімділігін арттырса, медицинада бұл гидрогельдер жараны тану, дәрі-дәрмек жеткізу және тін инженериясы сияқты бағыттарда қауіпсіз, әрі тиімді биоматериал ретінде қолданылады. Ал, өндірістік суды тазартуда целлюлоза гидрогельдері ауыр металл иондарын, бояғыш заттарды және органикалық ластағыштарды сіңіре алатын арзан, әрі экологиялық адсорбенттер ретінде ерекшеленеді. Целлюлоза негізіндегі гидрогельдердің осындай көп функционалды қасиеттері оларды барлық салада қолданылу мүмкіншілігін арттырады.

Сол себепті, лигноцеллюлозалық материалдарға бай ауылшаруашылық қалдықтарын «жасыл» әдіспен қайта жаңарта отырып синтезделген табиғи полимерлерді тамақ өнеркәсібі, медицина, ауылшаруашылық саласына қайта қолдану мүмкіншілігін терең зерттеу өзекті болып отыр.

4 ТӘЖІРИБЕЛІК БӨЛІМ

4.1 Қолданылған материалдар

Зерттеуде сутек асқын тотығы (15%, H_2O_2), сірке қышқылы ($\geq 45\%$, CH_3COOH), күкірт қышқылы ($\geq 98\%$, H_2SO_4), құмырсқа қышқылы ($\geq 96\%$, HCOOH), натрий гидроксиді ($\geq 99\%$, NaOH), калий йодиді ($\geq \text{KI}$) 99%, ортофосфор қышқылы ($\geq 98\%$, H_3PO_4), калий бихромат ($\geq 99\%$, $\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7$), акриламид ($\geq 99\%$, $\text{CH}_2=\text{CHCONH}_2$), N,N'-метиленабисакриламид ($\geq 99\%$, $(\text{H}_2\text{C}=\text{CHCONH})_2\text{CH}_2$), аммоний персульфаты ($\geq 98\%$, $(\text{NH}_4)_2\text{S}_2\text{O}_8$), натрий гидрофосфаты ($\geq 99\%$, Na_2HPO_4), натрий дигидрофосфаты ($\geq 99\%$, NaH_2PO_4), натрий хлориді ($\geq 99\%$, NaCl), кальций хлориді ($\geq 99\%$, NaCl), ацетон ($\geq 99,5\%$, CH_3COCH_3), крахмал ($\geq 99\%$) Sigma-Aldrich-тен алынды және калий перманганаты (KMnO_4) (MEM СТ 20490-75), натрий тиосульфаты ($\text{Na}_2\text{S}_2\text{O}_3$) (MEM СТ 27068-86), этанол 96% ($\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}$) (MEMСТ 5962-2013), мыс нитраты ($\text{Cu}(\text{NO}_3)_2 \cdot 3\text{H}_2\text{O}$) (MEM СТ 4163-68), сүзгі қағазы (MEM СТ 12026-76), дистилденген су (MEM СТ 6709-72) пайдаланылды. Барлық реактивтер қосымша тазартусыз қолданылды.

4.2 Қолданылған әдістер

4.2.1 Ауылшаруашылық қалдық шикізаттарын синтезге дайындау


Зерттеуге қолданылған майлылығы әр түрлі «Belosnezhka» және «Altai» деп аталатын екі түрлі сортты күнбағыс тұқымы қауызы Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында орналасқан «Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС-нен алынды. «Altai» сортынан алынған күнбағыс тұқымы қауызы құрамындағы фитомеланин пигментінен арылту үшін алдын ала 5% NaOH ерітіндісімен айналмалы суытқышы бар колбада $90 \pm 2^\circ\text{C}$ температурада магнитті араластырғышы бар пеште үздіксіз араластыра отырып, 60 минут бойы жуылды. Фильтр қағазымен сүзілген шикізат рН ортасы 7-ге тең болғанша *dist.* сумен жуылып, кептіргіш шкафта 5 сағат $60 \pm 2^\circ\text{C}$ кептірілді.

Салыстырмалы шикізат ретінде Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында (Қызылорда облысы және Алматы облысы Бақанас ауылы) өсірілген бір жылдық өсімдік – күріш (*Oryza*) қауызы алынды.

Зерттеу барысында сорттары әртүрлі күнбағыс тұқымы қауызы шикізатынан алынған үлгілер шартты түрде «Belosnezhka» сорты – B-SFH, одан алынған MCC – $\text{MCC}_{\text{B-SFH}}$, «Altai» сорты – A-SFH деп, ал MCC – $\text{MCC}_{\text{A-SFH}}$ деп, ал күріш қауызы шикізаттарынан алынған үлгілер шартты түрде «Bakanas» күріш қауызы – B-RH, одан алынған MCC – $\text{MCC}_{\text{B-RH}}$, «Kyzylorda» күріш қауызы – K-RH деп, ал MCC – $\text{MCC}_{\text{K-RH}}$ деп белгіленді.

4.2.2 Делигнификациялаушы агент алу

РАА дайындауда 1,5:1 көлемдік қатынаста сірке қышқылы (44%) мен сутек асқын тотығы (15%) және катализатор ретінде күкірт қышқылы қолданылды. Тепе-теңдік реакциясы:



Молярлық массалар, г/моль;

Ары қарай РАА-ның 100г көлемін дайындау [286] зерттеудегі әдістемеге сәйкес жүзеге асырылып, келесідей есептеулердің негізінде жүргізілді:

Реагенттердің эквимольарлы мөлшері бойынша 1:1 қатынаста 100г РАА дайындау үшін қажетті сірке қышқылының $m_{\text{CH}_3\text{COOH}}$ теориялық мөлшері:

$$m_{\text{CH}_3\text{COOH}} = 60 \cdot 100 / 76 = 79 \text{ г} \quad (1)$$

Ал 1,5:1 қатынасын дайындау үшін сірке қышқылының мөлшері көлемі өзгереді. Яғни:

$$m_{\text{CH}_3\text{COOH}} = 79 \cdot 1,5 = 118,5 \text{ г.} \quad (2)$$

Сірке қышқылының көлемі ($V_{\text{CH}_3\text{COOH}}$, мл) тығыздығы мен концентрациясын ескере отырып есептелді:

$$V_{\text{CH}_3\text{COOH}} = m_{\text{CH}_3\text{COOH}} \cdot 100 / C_{\text{CH}_3\text{COOH}} \cdot \rho_{\text{CH}_3\text{COOH}} \quad (3)$$

мұндағы, $\rho_{\text{CH}_3\text{COOH}}$ — сірке қышқылының тығыздығы (1,054 г/см³).

Сутегі асқын тотығының қажетті мөлшерін есептеу үшін ұқсас қатынастар қоданылды:

$$m_{\text{H}_2\text{O}_2} = 34 \cdot 100 / 76 = 44,7 \text{ г} \quad (4)$$

Сутегі асқын тотығының көлемі ($V_{\text{H}_2\text{O}_2}$, мл) ерітіндінің тығыздығы мен концентрациясын ескере отырып есептелді:

$$V_{\text{H}_2\text{O}_2} = m_{\text{H}_2\text{O}_2} \cdot 100 / C_{\text{H}_2\text{O}_2} \cdot \rho_{\text{H}_2\text{O}_2} \quad (5)$$

мұндағы, $\rho_{\text{H}_2\text{O}_2}$ —сутегі асқын тотығының тығыздығы (1,133 г/см³)

Катализатор массасы сутегі асқын тотығы мен сірке қышқылының жалпы массасының 2% құрайды. Яғни,

$$m_{\text{H}_2\text{SO}_4} = (118,5 + 44,7) \cdot 0,02 = 3,26 \text{ г} \quad (6)$$

Күкірт қышқылының көлемі ($V_{H_2SO_4}$, мл) ерітіндінің тығыздығы мен концентрациясын ескере отырып:

$$V_{H_2SO_4} = m_{H_2SO_4} * 100 / C_{H_2SO_4} * \rho_{H_2SO_4} \quad (7)$$

мұндағы, $\rho_{H_2SO_4}$ – күкірт қышқылының тығыздығы (1,832 г/см³);

Алынған РАА мұздатқышта 5 ± 0.5 °C сақталды.

4.2.2.1 Делигнификациялаушы агенттің концентрациясын анықтау

Алынған РАА-ның концентрациясы [286] зерттеудегі әдістемеге сәйкес титриметрия әдісімен анықталды. Қоспадағы пероксидің қышқылы мен сутегі асқын тотығының концентрациясы төмендегі формула бойынша есептелді:

$$C_{H_2O_2} = V_1 N_1 m_{Э_1} * 100 / V_{пр} * 10 * \rho \quad (8)$$

мұндағы, V_1 – үлгі титрлеуге жұмсалған калий перманганатының көлемі, мл;

N_1 – калий перманганатының нормасы (0,1Н);

$m_{Э_1}$ – сутегі асқын тотығының миллиэквиваленті (0,017 мг/моль);

$V_{пр}$ – титрлеу үшін алынған үлгінің көлемі (1 мл);

ρ – H_2O_2 тығыздығы, г/см³.

ПСК концентрациясы ($C_{ПСК}$, г/л) келесі формула бойынша есептелді:

$$C_{РАА} = V_2 N_2 m_{Э_2} * 100 / V_{пр} * 10 * \rho \quad (9)$$

мұндағы, V_2 – титрлеуге жұмсалған натрий тиосульфатының көлемі, мл;

N_2 – натрий тиосульфатының нормасы (0,1 Н);

$m_{Э_2}$ – персідің қышқылының миллиэквиваленті (0,038 мг/моль);

$V_{пр}$ – титрлеу үшін алынған үлгінің көлемі (1 мл);

ρ – РАА-ның тығыздығы, г/см³.


4.2.3 Микрокристалды целлюлоза (МСС), целлюлоза наноталшығы (CNF) мен нанокристалын (CNC) алу және шығымын есептеу

SFH пен RH-тен МСС алу [7,287] зерттеулердегі әдістемеге сәйкес жүргізілді. Яғни, В-SFH, А-SFH және В-RH, К-RH үлгілерінен жеке-жеке 10 г-нан өлшеніп, SFH:РАА сәйкесінше: 1:12, 1:14, 1:16, 1:18, 1:20, 1:22, 1:24 г/мл, ал RH:РАА: 1:8, 1:10, 1:12, 1:14, 1:16, 1:18, 1:20, 1:22, 1:24 г/мл қатынастарда алынды. МСС алу – айналмалы суытқышы бар колбада шикізат пен делигнификациялаушы агентті 90 ± 2 °C температурада үздіксіз интенсивті

араластыра отырып, қайнату арқылы жүргізілді. Алынған MCC $25 \pm 2^\circ\text{C}$ температураға дейін суытылып, сүзгі қағазының көмегімен сүзіліп, $\text{pH}=7$ болғанша dist. сумен бейтарапталды. Бейтарапталған целлюлоза массасы $80 \pm 2^\circ\text{C}$ температурада 6 сағат бойы тұрақты массаға жеткенше кептіріліп (8-сурет), аналитикалық таразыда 0,0001г дейінгі дәлдікпен өлшеніп, шығымы келесі формуламен есептелді:

$$\eta = (m_{\text{raw materials}} - m_{\text{MCC}}) / m_{\text{raw materials}} \times 100\% \quad (10)$$

мұндағы, $m_{\text{raw materials}}$ – бастапқы шикізаттың массасы, г; m_{MCC} – алынған MCC-ның массасы, г.




Сурет 8 – Органосольвенттік тотықтыру әдісімен MCC алу схемасы

SFH-тен алынған MCC-ның 1 грамнан алынған өлшендісіне MCC/FA сәйкесінше: 1/20, 1/30, 1/40 қатынаста болатындай массалық үлесі 88% болатын құмырсқа қышқылы құйылды. CNF алу – айналмалы суытқышы бар колбада $90 \pm 2^\circ\text{C}$ температурада 6 сағат бойы интенсивті араластыра отырып, қайнату арқылы жүргізілді. Алынған CNF $25 \pm 2^\circ\text{C}$ температураға дейін суытылып, бейтарап ортаға жеткенше дистильденген сумен 3000 айн/мин жылдамдықта OPn-8 центрифугасының (Dastan, Kyrgyzstan) көмегімен бейтарапталды. Бейтарапталған CNF суспензиясы 15 мин уақыт аралығында 40 кГц қуатта 3000F ультрадыбыстық генераторында (Scientz, China) өңделіп, ары қарай LGJ-12S мұздатқыш кептіргіште (Beijing Songyuan Huaxing Biotechnology, China) лиофилизацияланды. Шығымы келесі формуламен есептелді:

$$\eta = (m_{\text{MCC}} - m_{\text{CNF}}) / m_{\text{MCC}} \times 100\% \quad (11)$$

мұндағы, m_{MCC} – SFH-тен алынған MCC-ның массасы, г; m_{CNF} – MCC-дан алынған CNF массасы, г.

CNF-ның құрғақ массасы 0,0001 г дәлдікпен LV 210-A аналитикалық таразысында (Sartogism, Russian) өлшенді. Барлық экстракция процесі 9-суретте көрсетілген.



Сурет 9 – MCC-дан целлюлоза наноталшықтарын (CNF) алу схемасы


Целлюлоза нанокристаллы MCC:H₂SO₄ 1:10 г/мл гидролиздеу қатынасында алынды. Ол үшін 1г MCC өлшендісіне 60% H₂SO₄-ын 0-5°C температурада үздіксіз араластыра отырып, тамшылата қосылды. Целлюлоза мен қышқыл толық араласып, гель тәрізді болғанда, 25 мл ионсызданған су қосып, 40°C температурада су моншасында 1 сағат интенсивті түрде араластыра отырып, қыздырылды. Алынған CNC суспензиясы айналу жылдамдығы 1500rpm/min жағдайында 5 мин центрифугаланып (Centrifuge 5427 Reppendorf), CNC-ның рН ортасы 6-7 болғанша ионсызданған сумен жуылды (10-сурет).

CNC-ның шығымы келесі формуламен есептелді:

$$\eta = (m_{\text{MCC}} - m_{\text{CNC}}) / m_{\text{MCC}} \times 100\% \quad (12)$$

мұндағы, m_{MCC} – гидролизге алынған MCC-ның массасы, m_{CNC} – гидролизден кейін алынған CNC-ның массасы.

CNC-ның құрғақ массасы 0,0001 г дәлдікпен LV 210-A аналитикалық таразысында (Sartogsm, Russian) өлшенді.



Сурет 10 – SFH-тен алынған MCC-дан CNC-ын күкірт қышқылдық гидролиз әдісімен алудың схемасы

4.2.4 MCC-ның сапа көрсеткіштерін анықтау

4.2.4.1 MCC ылғалдылығын анықтау

Целлюлозаның ылғалдылығын анықтау МемСТ 16932 сәйкес жүргізілді. Алдымен таза бос бюкс қақпағымен $103\pm 2^{\circ}\text{C}$ температурада кептіргіш шкафта тұрақты массаға дейін кептірілді. Кейіннен кальций хлориді бар эксикаторда суытылып, өлшенді. Дайын болған бюкске целлюлозаның 1 г өлшендісі салынып, $103\pm 2^{\circ}\text{C}$ температурада 4 сағат бойы тұрақты массаға жеткенше кептіріліп, содан кейін эксикаторда суытылып, өлшенді.

МСС-ның ылғалдылығы келесі формула бойынша есептелді:

$$W=(m_1-m_2/m_1-m)*100\% \quad (13)$$

мұндағы, m - бос бюкстің қақпағымен бірге массасы, г; m_1 – кептіргенге дейінгі бюкстің өлшендімен бірге массасы, г; m_2 – кептіргеннен кейінгі бюкстің өлшендімен бірге массасы, г.

4.2.4.2 МСС құрамындағы α -целлюлоза мөлшерін анықтау

α -целлюлозаның мөлшері МемСТ 6840 сәйкес анықталды. Ол үшін сыйымдылығы 150 см^3 болатын фарфор ыдысқа массасы шамамен 3 г құрғақ целлюлоза үлгісі өлшеніп, температурасы $20\pm 2^{\circ}\text{C}$ болатын 17,5%-дық NaOH ерітіндісінің 45 см^3 мөлшері құйылды. Натрий гидроксиді ерітіндісі порциямен құйылды: алдымен 15 см^3 құйылып, 2-3 минут мұқият араластырылды. Содан кейін қалған 30 см^3 ерітіндіні қосылып, тағы 1 минут бойы біркелкі және мұқият араластырылды. Қоспаның беті сағат шынысымен жабылып, целлюлозаны сілтімен өңдеудің басынан бастап есептегенде, температурасы $20\pm 2^{\circ}\text{C}$ термостатқа 45 минутқа салынды.

Уақыт өткеннен кейін масса 45 см^3 дистилденген сумен 1,5 мин мұқият араластырылып, кейін масса Бюхнер воронкасына тұрақты салмаққа дейін кептірілген қағаз сүзгісіне ауыстырылды. Целлюлоза массасы біркелкі таралады және фильтрат Бунзен колбасына сорылады. Сүзгідегі қалдық әлсіз вакуумда үш қадаммен $20\pm 2^{\circ}\text{C}$ температурада 2-3 минут аралығында 9,5%-дық натрий гидроксиді ерітіндісінің 25 см^3 мөлшерімен жуылды.

Сілтіні сорып алғаннан кейін талшықтар $18-20^{\circ}\text{C}$ температурада тазартылған судың жекелеген бөлігімен жуылды. Жуу фенолфталеин үшін бейтарап реакцияға жеткенше жүргізілді. Жуылған қалдық (α -целлюлоза) пинцетпен бұрын тұрақты салмаққа дейін кептірілген таразыға арналған бюкске салынып, кептіргіш пеште $103\pm 2^{\circ}\text{C}$ температурада 6 сағат бойы тұрақты массаға жеткенше кептірілді. Кептіруден кейін бюкстер эксикаторда суытылып, өлшенді.

α -целлюлозаның массалық және абсолютті құрғақ массасына пайыздық үлесін келесі формула бойынша есептелді:

$$X_{\alpha}=(m_1-m/g)*100\% \quad (14)$$

мұндағы, m - бос бюкстің қақпағымен бірге массасы, г; m_1 – кептірілген α -целлюлозасы бар бюкстің массасы, г; g – абсолютті құрғақ целлюлоза

өлшендісінің массасы, г. Екі параллельді анықтау арасындағы сәйкессіздік 0,3% аспауы керек.

4.2.4.3 МСС құрамындағы қалдық лигнин мөлшерін анықтау

Қалдық лигниннің мөлшерін анықтау МемСТ 11960 сәйкес анықталды. Ол үшін 1 г целлюлоза массасы (қателігі 0,0002 г аспайтын) 500 мл стаканда 6 бөлік концентрациясы 75%-дық күкірт қышқылынан және 1 бөлік 85%-дық ортофосфор қышқылынан тұратын, жалпы мөлшері 15 мл болатын қышқыл қоспасымен араластырылды. Ары қарай үлгі $35 \pm 0,5^\circ\text{C}$ температурада су термостатында 45 минут үздіксіз араластырылды. Көрсетілген уақыт аяқталғаннан кейін стакандағы массаға 400 мл дистилденген су құйылып, 15 минут қайнатылды. Үлгіні салқындатып, бөлінген қалдық лигнинді тұндыру үшін 10 минутқа қалдырылды. Лигнин тұнбасы бар ерітінді тұрақты массаға дейін кептірілген екі қағаз сүзгіден өтіп, қышқылдық ортадан арылғанша индикатор ретінде қызғылт-сары метилді қолдана отырып, 0,5 г/л натрий хлоридінің ерітіндісімен жуылды. Лигнин қалдығы бар сүзгілер кептіру пешінде $103 \pm 2^\circ\text{C}$ температурада тұрақты массаға дейін кептірілді.

Лигниннің абсолютті құрғақ үлгіге қатысты пайызбен есептелгендегі массалық үлесі (X) формула бойынша есептеледі:

$$X = (\Phi_{\text{л}} - \Phi / g) * 100\% \quad (15)$$

мұндағы, $\Phi_{\text{л}}$ – лигнин бар фильтр массасы, г; Φ – тұрақты массаға дейін кептірілген сүзгілер массасы, г; g – абсолютті құрғақ целлюлоза өлшендісі, г. Екі параллель жүргізілген зерттеудің 0,1%-ға дейін дөңгелектенген орташа арифметикалық мәні алынды.

4.2.4.4 МСС құрамындағы гемицеллюлозамөлшерін анықтау

Гемицеллюлозаның мөлшерін анықтау МемСТ 9002 сәйкес жүргізілді. 5 г құрғақ целлюлоза үлгісін тығыны бар 250 мл колбаға салады. Үлгіге 5%-дық натрий гидроксиді ерітіндісінің 100 мл көлемі тамшылатып құйылып, жақсылап араластырылды. Колбаны 2 сағат уақытқа $20 \pm 2^\circ\text{C}$ температурада су моншасына қойып, үлгіні жақсылап шайқап отырады. Уақыт өткеннен кейін қоспа кеуектері бар шыны сүзгі арқылы сүзілді.

Дайын болған фильтраттан пипеткамен 25 мл алып, 250 мл өлшеуіш колбаға құяды, үстіне 10 мл 1,5 н калий бихромат ерітіндісін қосады. Ары қарай 35 мл концентрлі күкірт қышқылын қосыңыз. Күкірт қышқылының сумен әрекеттесуі экзотермиялық болғандықтан 5 минуттан кейін (осы уақыт аралығында колбаны жиі шайқайды) колбаның ішіндегі массаны суытып, дистилденген сумен белгіге дейін жеткізеді. Пипетканың көмегімен 250 мл колбаға 50 мл ерітіндіні бөліп алып, 10 мл 20% калий йодид ерітіндісін қосып, қараңғы жерде 5 минутқа қояды. Кейін колбадағы массаны крахмал қатысында 0,1 н натрий тиосульфатының ерітіндісімен титрлейді. Титрлеу кезінде ерітінді көк түстен көгілдір-жасыл түске өзгереді. Параллель 25 мл 5% натрий гидроксиді ерітіндісінен өлдік титрлеу жүргізілді. Гемицеллюлозаның пайыздық мөлшері келесі формуламен есептеледі:

$$S=(b-a)0,000675*100*250*1000/25*50g \quad (16)$$

мұндағы, а – сілтілі фильтратты титрлеу кезіндегі жұмсалған натрий тиосульфатының мөлшері, мл; b - нөлдік үлгіні титрлеу кезіндегі жұмсалған натрий тиосульфатының мөлшері; g – абсолютті құрғақ целлюлозаның өлшендісі, г; 0,000675 - 1 мл-ге 0,1 н $K_2Cr_2O_7$ ерітіндісіне сәйкес келетін целлюлозаның граммен алғандағы мөлшері. Екі параллель жүргізілген зерттеудің 0,2%-ға дейін дөңгелектенген орташа арифметикалық мәні алынды.

4.2.4.5 МСС күлділігін анықтау

Целлюлозаның күлділігі МемСТ 18461-93 сәйкес жүргізілді. Кемінде 10 мг күл беретін, тұрақты массаға дейін кептірілген целлюлозаның мөлшері екінші ондық белгіге дейін өлшенеді. Фарфор немесе кварцтигелі $575 \pm 25^\circ C$ температурада муфель пешінде 15 минут қыздырылып, эксикаторда 45 минут салқындатылады.

Салқындатылған тигель төртінші ондық белгіге дейін өлшенеді. Үлгіні тигель көлемінің $2/3$ бөлігінен аспайтындай етіп салады және $300 \pm 25^\circ C$ температурада мұқияттолық жағады. Кейін тигельді муфель пешінде көміртектің толық жануы үшін $575 \pm 25^\circ C$ температурада 3 сағаттан артық уақыт ұстайды. Жану процесі аяқталғаннан кейін, қара бөлшектердің жойылғанына көз жеткізген соң, күлі бар тигель жоғарыда көрсетілгендей эксикаторда салқындатып, төртінші ондық белгіге дейін өлшейді. Екі параллельді анықтау жүргізіледі.

Күлділік (X) өнім массасының пайыздық қатынасында келесі формула арқылы анықталды:

$$X=m_1/m_0*100\% \quad (17)$$

мұндағы, m_1 – күлдің массасы, г; m_0 – термостатта кептірілген абсолютті құрғақ целлюлозаның массасы. Екі параллель анықтаудың екінші ондық бөлшекке дейін дөңгелектенген орташа арифметикалық мәні алынды.


4.2.5 МСС, CNF және CNC негізінде гидрогельдер синтездеу

Гидрогельдер синтездеуде табиғи мономер – МСС, CNF және CNC қолданылды. Целлюлоза негізінде гидрогель синтездеу үшін шикізаттың 1 г массасы 40 мл ионсызданған сумен $35 \pm 2^\circ C$ температурада, жылдамдығы 500 айн/мин болатын магнитті араластырғыштың көмегімен 8 сағат бойы біртекті қоймалжың суспензия пайда болғанша үздіксіз араластырылды. Дайын болған суспензияның 5 мл көлемін цилиндр тәрізді пластик трубкаға құйып, үстіне 0,125 г функционалды мономер - акриламид (AAm) және мөлшері 10мг, 15мг, 20мг болатын әртүрлі массада тігуші агент – N,N-метиленбисакриламид (МБА), инициатор – аммоний персульфаты (APS) (10мг) қосылды. Реакциялық қоспа толық гомогенді жүйе түзілгенше шыны таяқшаның көмегімен үздіксіз араластырылды. Ерітінді құрамындағы еріген оттектен арылу үшін оны 2-3 минут бойы аргонмен үрлейді. Ерітінді $60 \pm 2^\circ C$

температурада DC-80 вакуумдық шкафына (Grodorgmash, Belarus) 1 сағатқа қойылды (11-сурет). MCC мен AAm-тің сәйкесінше 1:1 (масс.) қатынасы негізіндегі гидрогель құрамындағы реакцияға түспей қалған радикалдардан тазару үшін 1 апта көлемінде ионсызданған сумен жуылды.

Зерттеу барысында тігуші агент массасына байланысты MCCHydrogel шартты түрде 10 mg – MCCHG₁₀, 15 mg – MCCHG₁₅ және 20 mg – MCCHG₂₀ деп белгіленді.

CNF және CNC негізінде гидрогельдер синтездеу дәл осы әдіспен жүргізілді.



Сурет 11 – MCCHydrogel синтездеу схемасы

4.2.6 MCC, CNF және CNC негізіндегі гидрогельдердің кинетикалық сипаттамасы

4.2.6.1 MCC, CNF және CNC негізіндегі гидрогельдің суда ісіну кинетикасы мен дәрежесін анықтау

MCC, CNF және CNC негізінде алынған гидрогельдердің суда ісіну дәрежесі гравиметриялық әдіспен анықталды. Ол үшін гидрогельдер үлгісі 70°C температурада тұрақты массаға жеткенге дейін DC-80 вакуумдық шкафында (Grodorgmash, Belarus) кептіріліп, массасы 0,0001г дәлдікпен LV 210-A аналитикалық таразысында (Sartogasm, Russian) өлшенді. Үлгілер тепе-теңдік массаға жеткенге дейін ионсызданған суға салынды. Белгіленген уақыт аралығында ісінген гельдің массасы 0,0001г дәлдікпен аналитикалық таразыда өлшенді. Ісіну кинетикасы келесі формуламен анықталды:

$$\alpha (\%) = (m - m_0) / m_0 * 100\% \quad (18)$$

мұндағы, m_0 – кептірілген гелдің бастапқы массасы (г), m – суда ісінген гель массасы (г).

Үлгілердің ісіну кинетикасы келесі формула арқылы анықталды:

$$kt^n = M_t / M_\infty \quad (19)$$

мұндағы, M_t – t уақыт ішінде сорбцияланған сұйықтық массасы және M_∞ – тепе-теңдік-ісінген күйде сорбцияланған сұйықтық массасы, яғни, $t \rightarrow \infty$; k – гидрогельдің сипаттамалық константасы. Константа $k = \ln(M_t/M_\infty)$ -тің $\ln t$ -ға тәуелділік қисығындағы ордината осімен қиылысатын нүкте арқылы анықталды. n – гель көлеміне сұйықтықтың диффузия механизмін сипаттайтын сипаттамалық көрсеткіш [288].

4.2.6.2 МСС, CNF және CNC негізіндегі гидрогельдің ісіну-жиырылу кинетикасына рН ортаның әсерін анықтау

Гидрогельдердің рН ортаға сезімталдылығын анықтау үшінгель үлгісі диск тәрізді бөліктерге бөлініп, рН=3,5-9,0 аралығында болатын буферлі ерітінділерде 24сағатқа салынып, масса өзгерістері анықталды. Гельдің рН-сезімталдылығы келесі формула бойынша есептелді:

$$\alpha (\%) = m_{pH}/m_{w.s.} \times 100\% \quad (20)$$

мұндағы, m_{pH} – рН ерітіндісіндегі гелдің массасы (г), $m_{w.s.}$ – суда ісінген гель массасы (г).

4.2.6.3 МСС, CNF және CNC негізіндегі гидрогельдіңісіну-жиырылу кинетикасына иондық күштің әсері

Гидрогельдердің көлем-фазалық қасиеттеріне иондық күштің әсерін анықтау үшінгель үлгілері диск тәрізді бөліктерге бөлініп, концентрациясы 0,001-1,0 н натрий хлориді ерітіндісіне 24 сағатқа салынып, масса өзгерістері 0,0001г дәлдікпен аналитикалық таразыда өлшенді. Төмен молекулалы иондардың гидрогельге әсері келесі формуламенесептелді:

$$\alpha (\%) = m_{i.s.}/m_{w.s.} \times 100\% \quad (21)$$

мұндағы, $m_{i.s.}$ – тұз ерітіндісіндегі гелмассасы (г); $m_{w.s.}$ – суда ісінген гель массасы (г).

4.2.6.4 МСС, CNF және CNC негізіндегі гидрогельдіңісіну-жиырылу кинетикасына органикалық еріткіштің әсерін анықтау

Гидрогельдердің органикалық еріткішке тұрақтылығы – көлемдік қатынастары 10/0, 8/2, 6/4, 5/5, 4/6, 2/8, 0/10 мл/мл болатын су/этанол, су/ацетон ерітінділерінің көмегімен анықталды. 24 сағат уақыт аралығындағы масса өзгерістері белгіленіп, гелдің ісіну/жиырылу кинетикасы келесі формуламен анықталды:

$$\alpha (\%) = m_{org}/m_{w.s.} * 100\% \quad (22)$$

мұндағы, m_{org} – органикалық еріткіштегі гелдің массасы (г); $m_{w.s.}$ – суда ісінген гель массасы (г).

4.2.7 МССHG₁₀ гидрогельдің топырақтағы ылғалды ұстау мүмкіншілігі және биобыдырау қасиеті

Бұл зерттеу бөлімі МСС негізіндегі гидрогельдің топырақ қабатында суды ұстау мүмкіншілігі мен биоыдырағыштық қасиетін ауылшаруашылық саласында сынап көруге негізделген. Ол үшін құрғақ гель масасы $25 \pm 2^\circ\text{C}$ температурада ылғалдылығы $60 \pm 10\%$ тең топыраққа 15 см тереңдікте салынып, белгілі бір уақыт аралығында масса өзгерісі гравиметриялық әдіспен анықталып отырды. Алдымен гидрогельдің топырақ құрамындағы суды сорбциялау мүмкіншілігі, кейіннен гидрогельдің биоыдырау процесінің жүру уақыты анықталды.

4.2.8 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогельдерінің Cu^{2+} ионын сорбциялау мүмкіншілігі

Зерттеуге барысында сорбция үрдісі концентрациясы $1 \cdot 10^{-2}$ моль/л болатын ауыр металл тұзының ($\text{Cu}(\text{NO}_3)_2$) модельді ерітіндісінде жүргізілді. Сорбцияланған ауыр метал ионының сандық мөлшері ультра күлгін спектрометрлік және индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрлік (ICP-MSA) әдістермен анықталды.

4.2.9 Зерттеу барысында қолданылған физико-химиялық әдістер сипаттамасы

4.2.9.1 Рентгенофлуоресцентті (РФ) спектроскопия әдісі

Бастапқы шикізаттың минералдық құрамы рентгенофлуоресценттік (XRF) спектроскопия әдісі арқылы EDX3600H (Skyray Instruments, Қытай) қондырғысында анықталды. Су ерітіндісінде гидрокөмірсутектердің мөлшерін анықтау үшін $5 \pm 0,001$ г шикізат 50 мл дистилденген суда үздіксіз араластыра отырып 2 сағат бойы қыздырылды. Шикізат сүзгіден өткізіліп, $80^\circ\text{C} \pm 2^\circ\text{C}$ температурада 5 сағат бойы кептірілді және соңғы масса LV 210-A аналитикалық таразысында (Sartogism, Ресей) өлшенді. Су ерітіндісінде гидролизге ұшырайтын көмірсутектердің мөлшері бастапқы және соңғы масса арасындағы айырмашылық арқылы есептелді.

4.2.9.2 Инфрокызыл (ИК) спектроскопия әдісі

Алынған үлгілердің химиялық құрылымы FTIR FT-801 ИК спектрометрінде (Simex, Russia) $4500\text{--}4700\text{ см}^{-1}$ толқын саны аралығында 1 см^{-1} дәлдікпен ішкі және айнымалы-диффузиялық шағылысу әдісімен үлгіні приставканың бетіне орналастыру арқылы $25 \pm 2^\circ\text{C}$ температурада 100 скан санымен зерттелді.

4.2.9.3 X-ray дифрактометрлік талдау әдісі

Үлгілердің кристалдық құрылысы X'PertPRO дифрактометрінде (Malvern Panalytical Empyrean, Netherlands) $0,02^\circ$ сканерлеу қадамымен (шаг) монохроматизацияланған мыс ($\text{CuK}\alpha$, K-Alpha1 [$\text{\AA}$] 0.1542) сәулеленуі арқылы рентгендік дифракция арқылы зерттелді. Зерттеу барысында өлшеу бұрышы $10\text{--}45^\circ$, рентгендік түтік кернеуі 45 кВ, ток қарқындылығы 30 мА, әр қадамдағы өлшеу уақыты 0,5 с және әмбебап алюминий үлгі ұстағыш (PW1172/01) пайдаланылды. Рентген нәтижесін талдау үшін ICDD PDF-4/AXIOM XRD үлгілерінің дерекқоры қолданылды. Сондай-ақ, POWDER CELL 2.5 бағдарламалық пакеті ұяшық параметрлерін және когерентті

шашырау аймағын (КША) нақтылау үшін пайдаланылды. 4 формула және POWDER CELL 2.5 бағдарламалық пакеті бойынша КША 3 рет есептелді.

Кристаллдық индексі (КИ) Сегал әдісімен [289] өлшеніп, келесі теңдеумен есептелді:

$$CI (\%) = (A_{\text{cryst}} / A_{\text{crys}} + A_{\text{amorph}}) * 100\% \quad (23)$$

мұндағы, A_{cryst} – кристалдық целлюлоза үшін есептелген үлгі сигналының ауданы; A_{amorph} - аморфты целлюлоза үшін есептелген үлгі сигналының ауданы.

КША мәні Scherrer формуласымен анықталды:

$$CSL = k\lambda / \beta \cos\theta \quad (24)$$

мұндағы, k - мәні 0,89 болатын фактор [290], λ – дифрактометрдің толқын ұзындығы (0,1542 нм), β - радиандағы (200) дифракция шыңының FWHM (толық енінің ең үлкен жартысы), θ - дифракция бұрышы.

4.2.9.4 Текстуралық талдау әдісі

Гидрогельдердің механикалық қасиеті жүктеме диапазоны 0,01–5 kN және жүктеме жылдамдығы диапазоны 0,0005–500 мм/мин болатын созылу сынағы машинасы (Tensile testing machine WDW5 x kN, Time Group Inc., Beijing, China) көмегімен зерттелді. Деректерді тіркеу арнайы бағдарлама арқылы компьютермен автоматты түрде жүргізілді. Үлгілерді 0,01 kN жүктеме астында сынау кезінде қозғалыс жылдамдығы 2 мм/мин болды. Үлгілер максималды созылу күшіне жеткенше немесе үлгі деформацияға ұшырағанша сыналды.

4.2.9.5 Сканерлеуші электронды микроскопия (СЭМ) әдісі

Барлық целлюлоза үлгілерінің морфологиясы сканерлеуші электронды микроскопта зерттелді. Үлгілердің беттік морфологиясы СЭМ-да Quanta 200i 3D (FEI/TEM Нидерланды) жоғары вакуумда 15 kV secondary electron детектордың көмегімен жүргізілді. Үлгілердің бетіне электрондардың өтуін жақсарту мақсатында алтыннан бөлшектермен қапталды. Үлгілер өткізгіш көміртекті таспамен алюминий кюветаға орнатылды.

4.2.9.6 Трансмиссиялық электронды микроскопия (ТЭМ) әдісі

Үлгілер CCD Morada (OLYMPUS) сандық фотокамерасы бар жарықтандырушы электрондық микроскопия әдісімен (ПЭМ) JEM 1400 (JEOL, Жапония) зерттелді. Үлгілерді анализге дайындау үлгінің қалыңдығын бірнеше ондаған нанометрге дейін азайтып, электрон сәулесінің еркін өтуіне мүмкіндік беретін иондық жұқарту (ion milling) әдісі арқылы жүргізілді. Жұқартылған үлгілер арнайы торлы торшаларға (грид) орналастырылып, ТЭМ камерасына енгізілді. ТЭМ фотосуретіндегі бөлшек өлшемдері статистикалық жолмен есептеліп, үлгілердегі бөлшектерінің таралымы және орташа диаметрлік өлшемі анықталды.

4.2.9.7 Термогравиметриялық (ТГА) талдау әдісі

Алынған үлгілердің термиялық тұрақтылық сипаттамалары дифференциалды термогравиметриялық анализаторында LabSyssevo (Setaram, France) аргон атмосферасында зерттелді. Температура аралығы 30 ± 5 - $800 \pm 5^\circ\text{C}$. Қыздыру жылдамдығы $10 \pm 1^\circ\text{C}/\text{мин}$. Үлгілердің массасы 20 ± 2 мг алынды.

4.2.9.8 Наноцеллюлозаның орташа бөлшек өлшемдері мен Zeta потенциалдары

Үлгілердің орташа бөлшек өлшемдері Zetasizer NanoZS 90 (Malvern, UK) қондырғысында лазерлік жарықты динамикалық шашырату әдісімен анықталды. Сондай-ақ, наноцеллюлоза бөлшектерінің өлшенген электрофоретикалық қозғалысы зета потенциалына айналдырылды. Талдау жүргізудің алдында НЦ-ның сулы суспензиясын 30 кГц жиілікте 10 минут бойы U-sonic UZTA-0.15/22-0 (Alena, Russia) ультрадыбыстық генератормен өңделді.

4.2.9.9 Ультра күлгін (УК) спектроскопия әдісі

Наноцеллюлозаның сулы ертіндісінің оптикалық жұтылу спектрі спектрофотометрде (PE-5400UV, Ресей) сканерлеу жылдамдығы 240 нм/мин, 190-1000 нм толқын ұзындығы аралығында әр 1 нм сайын түсірілді. Зерттеуге қалыңдығы 10 мм болатын кварц кювета қолданылды. CNF пленканың мөлдірлігі 600 нм оптикалық жұтылуы келесі формуламен есептелді:

$$\text{Оптикалық жұтылу} = \text{Abs}_{600}/d \quad (25)$$

мұндағы, Abs_{600} – 600 нм CNF-ның оптикалық тығыздығы, d – CNF-ның қалыңдығы (мкм).

4.2.9.10 Индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектроскопия (ICP-MSA) әдісі

Талдау Agilent technologies, АҚШ шығарған ICP-MS Agilent 7500 сх индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрде орындалды. Қондырғы «inorganic ventures», АҚШ шығарған элементтер иондарының стандартты үлгісін сұйырту арқылы дайындалған сертификатталған қоспалармен калибрленді. Калибрлеу нәтижелерінің негізінде аспаптық бағдарламада (химстанция бағдарламасы) анықталатын әрбір элемент үшін калибрлеу графиктері құрылды. Калибрлеу графигіне сәйкес талдау нәтижесі бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы сұйықтық үлгілерінде мг/л-де берілген. Талдау толық сандық режимде жүргізілді. Масс-спектрометр анализдік реакция режимінде жұмыс істеді.

5 АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

5.1. Шикізаттың химиялық құрамы

SFH және RH шикізатының химиялық компоненттеріне рентгенофлуоресцентті спектроскопия әдісімен сандық талдау жүргізілді. Нәтижесі 7-кестеде ұсынылды.

Кесте 7 – SFH және RH шикізаттарының химиялық құрамы

Құрамы	Мөлшері, %			
	B-SFH	A-SFH	B-RH	K-RH
Al ₂ O ₃	7.59	-	0.37	0.37
SiO ₂	12.6	2.4	92.6	92.2
P ₂ O ₅	2.86	1.43	0.44	0.41
SO ₃	4.63	7.18	0.71	0.73
K ₂ O	4.85	38.8	3.21	3.25
CaO	14.7	17.7	1.18	1.21
Fe ₂ O ₃	34.8	21.4	0.86	1.11
MnO	0.47	0.36	0.08	0.09
CuO	1.52	0.38	0.01	0.01
ZnO	0.75	0.27	0.01	0.01
NiO	4.31	1.92	0.07	0.08

5.2. МСС-ның сапа көрсеткіштері

12a,b және 12c,d - суреттерде екі түрлі сортты SFH-тен алынған МСС_{B-SFH} және МСС_{A-SFH} көрсетілген. Бастапқы шикізат B-SFH ақ түсті болуына сәйкес, одан алынған МСС_{B-SFH} да толықтай әппақ, өте ұсақ талшықтардан тұратын, мақта тәріздес жұмсақ масса болып келеді (Сурет12b). Ал, A-SFH-тен алынған МСС_{A-SFH} бастапқы шикізат құрамындағы қалдық пигменттің әсерінен ашық сұр түсті, мақта тәріздес жұмсақ болатындығы анықталды (Сурет 12d).

13a,b және 13c,d – суреттерде әртүрлі географиялық аймақтардан алынған күріш қауызы (B-RH, K-RH) және олардан алынған МСС_{B-RH} және МСС_{K-RH} көрсетілген. Бастапқы шикізат B-RH және K-RH сары-қоңыр түсті болғанымен, олардан алынған МСС ұсақ талшықты, толықтай әппақ және мақта тәріздес жұмсақ масса болып келеді (Сурет13b,d). Яғни, нәтижесінде шикізатты қосымша өңдеусіз, органосольвенттік тотықтыру әдісімен әппақ ұлпа, мақта тәріздес МСС-ны синтездеп алуға болатындығы белгілі болды. Бұл өз кезегінде уақыт үнемдеу және экономикалық жағынан өте тиімді болып табылады.



Сурет 12 – Күнбағыс тұқымы қауызы және одан алынған МСС үлгілері:
 а) В-SFH және б) А-SFH; с) МСС_{В-SFH} (гидро модуль 1:12);
 д) МСС_{А-SFH} (гидро модуль 1:14)



Сурет 13 – Күріш қауызы және одан алынған МСС үлгілері:
 а) В-RH; б) К-RH; с) МСС_{В-RH} (гидро модуль 1:12);
 д) МСС_{К-RH} (гидро модуль 1:10)

«Жұмсақ» жағдайда органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH:РАА г/мл әртүрлі қатынасында алынған МСС_{В-SFH} және МСС_{А-SFH} шығымы мен сапа көрсеткіштері 8–кестеде көрсетілген. Зерттеу нәтижесі бойынша В-SFH үшін гидро модулі SFH:РАА 1:12г/мл қатынаста болатын целлюлозаның шығымы жоғары, яғни 50,69%, ылғалдылығы 3,7%, α-целлюлоза 67,53%, қалдық лигнин 2,4%, гемицеллюлоза 8,1%, күлділік (SiO₂) 1,2% тең болды. РАА-ның көлемін арттырған сайын МСС шығымының артуы байқалмады. Ал, А-SFH үшін МСС-ның шығымы ең үлкен мәнге SFH:РАА 1:14 г/мл қатынасында анықталып, оның мәні 43,49%,

ылғалдылығы 4,7%, α -целлюлоза 65,3%, қалдық лигнин 2,6%, гемицеллюлоза 8,1%, күлділік (SiO_2) 1,3% екендігі белгілі болды. SFH:РАА г/мл басқа қатынастарында алынған $\text{MCC}_{\text{A-SFH}}$ шығымы 40-42% аралығында болды.

В-SFH алынған $\text{MCC}_{\text{B-SFH}}$ шығымы А-SFH сортымен салыстырғанда 7,2% артық, бұл В-SFH сортының ірі, әрі қауызының ішкі қабатындағы талшықтардың үлкен өлшемді болуымен тікелей байланысты болып отыр. [7,287] зерттеулерде SFH-тен MCC алудың SFH:РАА г/мл тиімді гидромодулі зерттеліп, оның мәні 1:20 г/мл тең болатындығы анықталған. Осы зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, тиімді гидромодульдерде жұмсалатын РАА-дің көлемі алдыңғы зерттеумен салыстырғанда В-SFH үшін 8 мл-ге, ал А-SFH үшін 6 мл-ге аз жұмсалатындығы белгілі болды. Сонымен қатар, В-SFH-ті делигнификациялауға 40 минут, ал А-SFH үшін 120 минут уақыт қажет болатындығы анықталды. Делигнификациялау үрдісінің В-SFH-ке қарағанда А-SFH-те ұзақ жүруі, А-SFH-тің майлылығы жоғары болу себебінен делигнификациялаушы агентті сорбциялау қасиеті төмендеп, үрдіс ұзақ жүреді деп болжауға болады. Сонымен қатар, бастапқы шикізаттың сорттық ерекшеліктері SFH-тен алынатын MCC шығымының, SFH:РАА г/мл тиімді гидромодулінің және экстракциялау уақытының әр шикізат үшін әртүрлі болуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі екендігін көрсетеді.

Кесте 8 – SFH:РАА қатынасының MCC сапасына әсері

В-SFH SFH:РАА, г/мл	MCC _{B-SFH} сапа көрсеткіштері, %					
	MCC шығымы	Ылғалд ылығы	α -целлюлоза	Қалдық лигнин	Гемицелл юлоза	Күлділік (SiO_2)
1:12	50.69±2	3.7±0.5	67.53±3	2.4±0.5	8.1±2	1.2±0.5
1:14	48.79±2	4.8±0.5	64.93±3	2.6±0.5	10.8±2	1.2±0.5
1:16	49.32±2	4.7±0.5	63.80±3	3.1±0.5	8.1±2	1.3±0.5
1:18	48.30±2	4.8±0.5	62.87±3	3.0±0.5	8.1±2	1.2±0.5
1:20	48.71±2	5.1±0.5	60.61±3	3.0±0.5	13.5±2	1.4±0.5
1:22	48.58±2	5.1±0.5	59.20±3	3.1±0.5	8.1±2	1.4±0.5
1:24	48.51±2	5.1±0.5	56.90±3	2.9±0.5	13.5±2	1.3±0.5
А-SFH SFH:РАА, г/мл	MCC _{A-SFH} сапа көрсеткіштері, %					
	MCC шығымы	Ылғалд ылығы	α -целлюлоза	Қалдық лигнин	Гемицелл юлоза	Күлділік (SiO_2)
1:12	42.53±2	4.8±0.5	63.93±3	2.8±0.5	8.1±2	1.4±0.5
1:14	43.49±2	4.7±0.5	65.30±3	2.6±0.5	8.1±2	1.3±0.5
1:16	42.85±2	5.2±0.5	65.23±3	2.6±0.5	13.5±2	1.3±0.5
1:18	41.99±2	4.8±0.5	64.50±3	3.0±0.5	13.5±2	1.3±0.5
1:20	40.58±2	5.7±0.5	62.53±3	3.1±0.5	13.5±2	1.4±0.5
1:22	41.17±2	4.5±0.5	61.40±3	2.8±0.5	10.8±2	1.5±0.5
1:24	41.10±2	4.2±0.5	61.37±3	3.0±0.5	10.8±2	1.5±0.5

«Жұмсақ» жағдайда органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы RH:РАА г/мл әртүрлі қатынасында алынған $\text{MCC}_{\text{B-RH}}$ және $\text{MCC}_{\text{K-RH}}$ шығымы мен сапа көрсеткіштері 9-кестеде көрсетілген. Зерттеу нәтижесі бойынша В-RH үшін гидромодулі RH:РАА1:12г/мл қатынаста алынған MCC шығымы 45,00%, ылғалдылығы 4,14%, α -целлюлоза 65,57%, қалдық лигнин 18,9%, гемицеллюлоза 19,2%, күлділік (SiO_2) 33,4% тең болып, аталмыш

гидромодуль мөлшері оптимальды көрсеткіш деп танылды. Ал, К-РН үшін РН:РАА гидромодулінің оптимальды қатынасы 1:10 г/мл тең болып, МСС-ның шығымы 52,58%, ылғалдылығы 4,55%, α -целлюлоза 40,5%, қалдық лигнин 17,3%, гемицеллюлоза 17,7%, күлділік (SiO_2) 29,9% тең болатындығы белгілі болды. Алынған МСС сапалық көрсеткіштеріне талдау жасай отырып, алдыңғы зерттеу жұмыстарында қолданылған сілтілік, қышқылдық гидролиз әдістерімен салыстырғанда органосольвенттік тотықтыру әдісі целлюлоза шығымын 15-18% дейін арттыра алатынын байқауға болады [56,291]. Сонымен қатар, биомассаны алдын ала өңдеу кезінде экологиялық таза, бір сатылы органикалық еріткішпен тотықтыру, ешқандай қосымша ағарту процесін қажет етпейді. Айта кету керек, органосольвенттік тотықтыру технологиясы жұмсақ жағдайда және артық қысымсыз немесе температурасыз жоғары өнімділікпен РН-дан МСС алуға мүмкіндік береді [7]. РН-дан МСС алу кезінде бұл делигнификация әдісі айтарлықтай тиімді болды (9-кесте).

Сонымен қатар, К-РН алынған МСС шығымы В-РН алынған МСС-мен салыстырғанда 7,58% артық, ал тиімді гидромодульдерде жұмсалатын РАА-дің көлемі 2 мл-ге аз жұмсалатындығы анықталды. Бұл РН алынған целлюлоза құрамындағы SiO_2 мөлшерімен байланысты болуы мүмкін. Себебі, кремнийдиоксиді күріш қауызының жасуша қабырғаларының маңызды құрамдас бөлігі және ол күріш қауызы қабырғаларының механикалық беріктігін жақсартады [292]. Сол себепті, целлюлоза алу барысында кремний целлюлозамен өзара әрекеттесіп, оның шығымына кері әсерін тигізуі мүмкін. [293] зерттеуде осыған ұқсас нәтижелер алынып, SiO_2 мөлшері көбейген сайын целлюлозаның шығымына кері әсер ететіндігі анықталған. Ал, бастапқы шикізат құрамындағы SiO_2 мөлшері ауылшаруашылығы мақсатында қолданылатын жердің ылғалдылығы, топырақтың химиялық құрамына тәуелді болып келетіндігі [294,295] зерттеулерде анықталған.

Кесте 9 – РН:РАА қатынасының МСС сапасына әсері


В-РН РН:РАА, г/мл	МСС _{В-РН} , сапа көрсеткіштері, %					
	МСС шығымы	Ылғалды лығы	α -целлюлоза	Қалдық лигнин	Гемицел люлоза	Күлділік (SiO_2)
1:8	44.0±2	2.13±0.5	46.57±3	16.7±0.5	17.5±2	32.0±0.5
1:10	44.6±2	2.01±0.5	64.26±3	17.6±0.5	18.9±2	32.9±0.5
1:12	45.0±2	4.14±0.5	65.57±3	18.9±0.5	19.2±2	33.4±0.5
1:14	40.8±2	1.75±0.5	56.3±3	21.9±0.5	22.1±2	31.9±0.5
1:16	40.0±2	1.67±0.5	62.8±3	24.4±0.5	21.3±2	31.9±0.5
1:18	42.86±2	1.87±0.5	54.33±3	23.2±0.5	23.7±2	32.1±0.5
1:20	44.73±2	2.11±0.5	56.1±3	22.2±0.5	23.2±2	33.2±0.5
1:22	39.8±2	2.25±0.5	49.43±3	16.3±0.5	22.1±2	33.1±0.5
1:24	41.12±2	1.82±0.5	56.5±3	23.8±0.5	22.3±2	32.1±0.5
К-РН РН:РАА, г/мл	МСС _{К-РН} , сапа көрсеткіштері, %					
	МСС шығымы	Ылғалды лығы	α -целлюлоза	Қалдық лигнин	Гемицел люлоза	Күлділік (SiO_2)


1:8	46.7±2	3.41±0.5	40.86±3	17.4±0.5	17.0±2	30.0±0.5
1:10	52.58±2	4.55±0.5	40.5±3	17.3±0.5	17.7±2	29.9±0.5
1:12	50.89±2	3.41±0.5	41.3±3	19.1±0.5	21.1±2	29.4±0.5
1:14	52.26±2	4.09±0.5	38.7±3	20.3±0.5	19.7±2	29.7±0.5
1:16	52.13±2	4.81±0.5	38.13±3	23.6±0.5	22.9±2	30.1±0.5
1:18	49.61±2	4.28±0.5	38.43±3	21.2±0.5	23.7±2	31.0±0.5
1:20	49.71±2	3.39±0.5	38.5±3	22.4±0.5	22.2±2	32.2±0.5
1:22	50.72±2	4.95±0.5	30.63±3	18.3±0.5	23.6±2	33.4±0.5
1:24	50.55±2	3.83±0.5	34.4±3	20.7±0.5	21.3±2	30.8±0.5

5.3 МСС-ның физико-химиялық қасиеттері

5.3.1 ИҚ-спектроскопиялық талдау

РАА-ның (SFH:РАА, г/мл) 1:12, 1:14, 1:16, 1:18, 1:20, 1:22, 1:24 қатынастарында алынған МСС_{B-SFH} және МСС_{A-SFH} химиялық құрылыстарының салыстырмалы ИҚ-спектрлері 14-суретте көрсетілген. ИҚ-спектроскопия бойынша барлық спектрлерде жұтылу облысы 661,3 см⁻¹ С–ОН байланыстың жазықтықтан тыс тербелісін [296,297], 896,1 см⁻¹ және 1160,2 см⁻¹ β-(1,4)-гликозидті С–О–С байланысты (аморфты бөлік) [298, 299], 1029,4 см⁻¹ мен 1160,2 см⁻¹ интенсивтілігі жоғары сигналдар – ароматты сақинадағы С–О мен С–С байланыстарды, 1050,3 см⁻¹ пираноза сақинасындағы С–О–С байланыстың созылмалы тербелісін, 1315,5 см⁻¹, 1333,4 см⁻¹ және 1368,3 см⁻¹ С–Н, 1428,4 см⁻¹ С–Н₂ тобын [298, 300], 1639,6 см⁻¹ целлюлозаның ауадан сорбциялаған су молекуласындағы О–Н байланысын [298], 2892,4 см⁻¹ және 3332,7 см⁻¹ толқын ұзындығында СН пен ОН топтарының сигналдарын сипаттайды [298, 301, 302]. Барлық спектрде 1512,3 см⁻¹ толқын санындағы әлсіз жұтылу лигнин молекуласындағы ароматты С=С сақинасына тән [300], 1728,7 см⁻¹ гемицеллюлоза молекуласындағы ацетильдік және күрделі эфирлік С=О тобының созылмалы тербелісін көрсетеді [303]. Бұл 8-кестедегі берілген гемицеллюлозаның 8,1-13,5% аралықта болатын сандық мәндерін нақтылай түседі. [7, 287] зерттеулерде де ИҚ спектрометр нәтижесінде алынған МСС-дің жұтылу спектрлері жоғарыда алынған нәтижелерге сәйкес келеді.






Сурет 14 – Әртүрлі қатынастағы МСС-ның ИҚ спектрлері:

a – MCC_{B-SFH}; b – MCC_{A-SFH}

15a және 15b-суреттерде РАА-ның (РН:РАА, г/мл) 1:8, 1:10, 1:12, 1:14, 1:16, 1:18, 1:20, 1:22, 1:24 қатынастарында алынған MCC_{B-RH} пен MCC_{K-RH} ИҚ спектрлері көрсетілген. Барлық спектрлерде жұтылу облысы 669,3 см⁻¹ C–ОН байланыстың жазықтықтан тыс тербелісінен басталып [297,298], шамамен 1641,7 см⁻¹ сорбцияланған су молекулаларына сәйкес келеді [301]. Ал, 2902,8 см⁻¹ және 3372,5 см⁻¹ толқын ұзындықтары СН тобы мен молекулааралық сутектік байланыс – ОН тобының созылмалы тербелісін сипаттайды [298, 301, 302]. 1059,9 см⁻¹ интенсивтілігі жоғары сигнал β1,4- гликозидтік байланыс түрінде анықталған пираноза сақинасындағы C–O–C байланыстың созылмалы тербелісін көрсетсе [301, 300], 1164,4 см⁻¹ ароматты сақинадағы C–O мен C–C байланыстарды, 1316,1 см⁻¹, 1333,4 см⁻¹ және 1375,1 см⁻¹ C–H байланысын, целлюлозаның кристалдық табиғатына байланысты 1434,3 см⁻¹ C–H₂ байланысын көрсетеді [301, 303]. Ал, 1508,9 см⁻¹ және 1734,4 см⁻¹ толқын санындағы әлсіз жұтылу МСС құрамындағы қалдық лигнин молекуласындағы ароматты C=C байланыстың және гемицеллюлоза молекуласындағы ацетильдік және күрделі эфирлік C=O тобының созылмалы тербелісін көрсетеді [300]. Бұл 9-кестеде берілген қалдық лигнин мен гемицеллюлозаның сандық мандерін нақтылай түседі. 560,8 см⁻¹ пайда болған жұтылу целлюлоза құрамындағы кремний диоксидіне тән Si–O байланысын көрсетеді [299]. [304,305] зерттеу жұмыстарындағы MCC_{RH}-ның FTIR жұтылу спектрлері осы зерттеуде алынған нәтижелерге сәйкес келетіндігін байқауға болады.



Сурет 15 – Әртүрлі қатынастағы МСС-ның ИҚ спектрлері:
a – B-RH; b – K-RH; c – MCC_B-RH; d – MCC_K-RH


5.3.2 СЭМ талдау

16,17-суреттерде SFHжәне RH-тен тиімді гидромодульде алынған МСС-ның беттік морфологиясы салыстырмалы түрде көрсетілген.


MCC_{B-SFH} және MCC_{A-SFH} алынған МСС-дің беттік морфологиясы 16-суретте көрсетілген. МСС талшықтарының ұзындығы орта есеппен 163-678 мкм, ені 16-32 мкм, беті таза және салыстырмалы түрде тегісі таспа тәрізді екендігін көреміз (Сурет 16а,с). Бұл, органосольвенттік тотықтыру барысында SFH целлюлоза микроталшықтары жекеленген күйде бөлініп, гемицеллюлоза мен лигниннен таза екендігін көрсетеді.

Ал, 17а-d-суреттерде көрсетілген тиімді гидромодульде алынған сәйкесінше MCC_{B-RH} және MCC_{K-RH} беттік морфологиясы таспа тәрізді фибрилдардан тұратындығын көреміз. Сонымен қатар, целлюлоза талшықтарының беті кедір-бұдыр тегіс емес (rough surface) екендігі байқалады. Бұл МСС құрамында кремнезем мөлшерінің көп болуына байланысты [295,306]. MCC_{B-RH} және MCC_{K-RH} делигнификациядан кейін аморфты балауыз тәрізді материалдардың (wax materials) белгілі бір мөлшерде гидролизденіп, целлюлозаның кристалды талшықтарының босап шыққандығын байқауға болады (Сурет 17b,d). Мұны 19с,d суреттердегі XRD дифрактограммаларындағы $2\theta=34,8^\circ$ дифракциялық шағылу бұрышындағы

целлюлозаның кристалдық құрылысына тән сигнал интенсивтілігінің артқандығымен сәйкес келетіндігін көреміз. Сілтілік, қышқылдық гидролиздеуге қарағанда органосольвенттік тотықтыру әдісі MCC алуда pH үшін неғұрлым тиімді екендігі белгілі болды.




Сурет 16 – MCC-ның беттік морфологиясының СЭМ микрофотографиялары: a,b) MCC_{B-SFH}; c,d) MCC_{A-SFH}



Сурет 17 – MCC-ның беттік морфологиясының СЭМ микрофотографиялары: a,b) MCC_{B-RH}; c,d) MCC_{K-RH}

5.2.3 X-ray дифрактометрлік талдау


Целлюлозаның кристаллдылығы оның термиялық және механикалық қасиеттерін анықтайтын өте маңызды көрсеткіш болып табылады. 18-суретте В-SFH және А-SFH және тиімді гидромодульде алынған МСС_{В-SFH}, МСС_{А-SFH} рентгендік дифрактограммалары салыстырмалы түрде көрсетілген. Целлюлозаның кристаллдық құрылысы [7, 307, 308] зерттеулерге сүйене отырып, анықталды. 18a,b-суреттердегі В-SFH және А-SFH дифрактограммаларында $2\theta=15,7^\circ(1-10)$, (110) , $22,3^\circ(200)$ пиктер көрінді. Бұл негізінен аморфты көміртегіге тән [287]. Себебі, бастапқы шикізат құрамындағы аморфты құрылысқа ие экстракцияланбаған лигнин, гемицеллюлоза және т.б. көмірсутектердің целлюлозаның кристалды талшықтарын қаптап тұруының әсерінен болады [7]. 18c,d - суреттердегі алынған МСС-дің рентгендік дифрактограммасында үш дифракциялық пиктер тіркелді. Олар $2\theta=15,6^\circ(1-10)$, (110) , $22,3^\circ(200)$, $34,5^\circ(004)$ тең болып, молекуласының кристаллдық құрылысы екі тізбекті моноклиник, целлюлоза І β -ге тән дифракциялық пиктерді көрсетті [7, 303]. Бұл органосольвенттік тотықтыру әдісімен алынған МСС-дің кристаллдық құрылысы өзгеріске ұшырамайтындығын дәлелдейді. [7, 287] зерттеу жұмыстарында да алынған МСС-дің кристаллдық құрылысы осы зерттеудің нәтижелерімен сәйкес келеді. Бұл осы зерттеуде алынған материалдың кристаллдық құрылысы МСС-ге тән екендігін көрсетеді.



Сурет18 – SFH және MCC XRD дифрактограммалары: а) В-SFH; б) А-SFH; в) МСС_{В-SFH}1:12; д) МСС_{А-SFH}1:14

19-суретте В-РН пен К-РН және тиімді гидромодульде алынған МСС_{В-РН} және МСС_{К-РН} рентгендік дифрактограммалары салыстырмалы түрде көрсетілген. 19 а,b-суреттердегі К-РН және В-РН дифрактограммаларынан $2\theta=15,1^\circ(110)$, $22,1^\circ(200)$ пиктерін байқауға болады. Бұл шикізаттың аморфты аймағы бұзылмаған, лигнин, гемицеллюлоза және т.б. көмірсутектердің целлюлозаның кристалды бөлігін қаптап тұрғандығын көрсетеді [304,305]. Ал, МСС_{К-РН} және МСС_{В-РН} рентгендік дифрактограммаларында ICDD data of cellulose I β (no. 00-056-1718) сәйкес $2\theta=15,3^\circ(110)$, $22,3^\circ(200)$, $34,8^\circ(004)$ үш дифракциялық пиктер тіркелді (Сурет 19с,d). Яғни, МСС молекуласының кристалдық құрылысы екі тізбекті моноклиник, целлюлоза I β -ге тән дифракциялық пиктер екенін көрсетеді [300,304].

Бұл, органосольвенттік тотықтыру барысында делигнификация процесінің сәтті жүзеге асқандығын көрсетеді. Сонымен қатар, МСС-ның кристалдық құрылысы өзгеріске ұшырамағандығы анықталды. [304,305] зерттеулерде РН алынған МСС-ның кристалдық құрылысы осы зерттеудің сапа көрсеткіші нәтижелерімен сәйкес келетіндігі белгілі болды.




Сурет 19 – РН және МСС XRD дифрактограммалары: а) К-РН; б) В-РН; в) МСС_{В-РН} 1:12; д) МСС_{К-РН} 1:10

5.3.4 ТГА талдау

20-суретте МСС_{В-SFH} және МСС_{А-SFH} термиялық тұрақтылықтарын сипаттайтын салыстырмалы термограммалары көрсетілген. Үлгілер массасының азаюын үш кезеңге бөліп қарастыруға болды. Бірінші кезең – барлық үлгілерде 103°C температураға дейін ауадан сорбцияланған су молекулаларының булануынан массаның азаюы байқалды. Үлгілер


массасының көп мөлшерде азаюы – екінші кезеңде орын алды. Бұл MCC_{B-SFH} үшін $281-360^{\circ}C$ температура аралығында жүзеге асса, MCC_{A-SFH} үшін $281-466^{\circ}C$ температура аралығында жүрді. Сәйкесінше, MCC_{B-SFH} 76,2%, MCC_{A-SFH} 90% масса жоғалтты. Яғни, осы температура аралығында целлюлоза күшті деполимеризацияланып, ұшқыш CO , CO_2 және CH_4 түзілуі жүзеге асады [309]. Үшінші кезеңде $600^{\circ}C$ температураға дейін левоглюкозан, кокс және сутегі, этилен, этан мен смола сияқты аралық ұшқыш өнімдердің термиялық ыдырауы жүреді [309].



Сурет 20 – ТГА қисықтары: а) $MCC_{B-RH}1/12$ және б) $MCC_{A-RH}1/14$

MCC_{B-RH} және MCC_{K-RH} үлгілерінің термиялық тұрақтылықтарының салыстырмалы термограммалары 21-суретте көрсетілген. Бөлме температурасынан $77^{\circ}C$ -қа дейінуадан сорбцияланғанылғалдың булануына байланысты MCC_{B-RH} 4% массасын жоғалтса, MCC_{K-RH} 7% масса жоғалтты. Ал $77^{\circ}C$ -тан $298^{\circ}C$ -қа дейінгі температурада бірінші термиялық деградациялану басталып, үлгілер құрамындағы гемицеллюлоза мен лигнин фракциясының ыдырауы орын алды [43]. [306,310] зерттеулер бойыншалигноцеллюлозалық материалдардың термиялық ыдырауы $150-500^{\circ}C$ температура аралығында жүрсе, [299] зерттеу жұмысында гемицеллюлоза негізінен 150 -ден $350^{\circ}C$ -қа дейін, целлюлоза $275-350^{\circ}C$ аралығында, ал лигнин $250-500^{\circ}C$ аралығында біртіндеп ыдырайтындығы анықталған.

Целлюлозаның екінші термиялық деградациялануы $283-403^{\circ}C$ температура аралығында жүріп, MCC_{B-RH} бастапқы массасының 55% жоғалтса, MCC_{K-RH} өз массасының 60% жоғалтты. Ал, $403-600^{\circ}C$ температура аралығында MCC_{B-RH} -ның 65% мөлшері, MCC_{K-RH} -ның 72% мөлшері термиялық деградацияға ұшырап, деградация өнімі SiO_2 -нің мөлшері MCC_{B-RH} мен MCC_{K-RH} үшін сәйкесінше 35% және 28% тең болды. Бұдан 9-кестедегі MCC -ның сапа көрсеткіштеріндегі SiO_2 сандық мәніне сәйкес келетіндігі анықталды.



Сурет 21 – ТГА қисықтары: а) $MCC_{B-RH} 1/12$ және б) $MCC_{K-RH} 1/10$

5.4 Бөлім бойынша қорытынды

Алынған нәтижелерге сәйкес, 5.4 бөлім бойынша келесідей қорытынды жасалды:

1. Ауылшаруашылық қалдығы болып табылатын күнбағыс (SFH) және күріш (RH) қауызынан MCC алудың «жұмсақ» органосольвенттік әдісі делигнификациялаушы агент – сірке қышқылының концентрациясын төмендету арқылы жетілдірілді және MCC-дің сапалық көрсеткішіне шикізаттың сорттық ерекшелігі мен шикізат өсірілген аймақтың әсері салыстырмалы түрде анықталды;

2. SFH және RH қауызынан MCC-ны сірке қышқылының концентрациясын 52%-дан 44%-ға төмендете отырып, жетілдірілген «жұмсақ» органосольвенттік әдіспен алу барысында тиімді гидромодуль SFH және RH үшін сәйкесінше 1:12 және 1:10 г/мл болатындығы анықталды;

3. Майлылығы жоғары, атап айтқанда 52-54% болатын Altai SFH сортына қарағанда, майлылығы төмен, яғни 33,7% болатын Belosnezhka сортының MCC шығымы $50,69 \pm 2\%$ болып, сәйкесінше α -целлюлоза мөлшері де жоғары (67,53%) болатындығы белгілі болды.

4. Майлылығы жоғары SFH сортынан MCC алу үшін салыстырмалы түрде оптималды гидромодуль саны 2 мл артық жұмсалып, целлюлоза алу үшін SFH-тің майлылығы төмен сорты тиімді шикізат екендігі анықталды.


5. Алматы облысында (Бақанас елді-мекені) өсірілетін күріш қауызынан (RH) алынатын MCC-мен салыстырғанда MCC_{K-RH} , яғни, Қызылорда күріші қауызынан алынатын MCC шығымы 7,58%-ға артық болып, гидромодуль саны 1:10 г/мл-ге тең болатыны зерттелді;

6. SFH және RH-тен тиімді гидромодуль жағдайында алынған (сәйкесінше 1:12 және 1:14 г/мл) MCC-дің химиялық құрлылымы ИҚ-спектроскопия, кристалдық құрылысы рентгендік дифрактометрия, беттік морфологиясы СЭМ микроскопта, термиялық тұрақтылығы ТГА қондырғысында зерттелді.

5.5 МСChydrogel негізінде алынған гидрогельдердің кинетикалық сипаттамасы

5.5.1 МСChydrogel негізіндегі гидрогельдердің суда ісіну кинетикасы мен дәрежесі

22-суретте тігуші агенттің мөлшері 10 мг, 15 мг және 20 мг болатын МСС негізінде алынған гидрогельдердің суда ісіну дәрежесі көрсетілген. Суда ісіну барысында гидрогельге су молекулалары оңай диффузияланып, суда ісіну коэффициенті жоғары мәнге ие болатындығы анықталды. МССНГ₁₀-де бастапқы екі сағаттағы ісіну дәрежесі 920%, екі тәуліктегі ісіну дәрежесі 1176%, МССНГ₁₅-де бастапқы екі сағаттағы ісіну дәрежесі 699%, екі тәуліктегі ісіну дәрежесі 916% тең болса, ал МССНГ₂₀-да бастапқы екі сағаттағы ісіну дәрежесі 622%, екі тәуліктегі ісіну дәрежесі 833% тең болатындығы анықталды. Тігуші агент МВА массалары 10 mg болғанда бастапқы 2 сағаттағы ісіну дәрежесі МВА массасы 15 mg және 20 mg қарағанда сәйкесінше 1,3 және 1,5 есеге, ал, 2 тәулікте 1,28 және 1,4 есеге жоғары болатындығы белгілі болды. Сонымен қатар, МССНГ₁₀ гидрогелі МССНГ₁₅ және МССНГ₂₀ гидрогельдермен салыстырғанда судың мөлшерін 200% дейін артық сорбциялайтындығы анықталды. Бұл тігуші агенттің мөлшері төмен болған сайын МСChydrogel-дің суда ісіну дәрежесі үлкен мәнге ие болып, сорбциялық сыйымдылығы ұлғая түсетінін көрсетті. Нәтижелер МВА концентрациясының артуы ісіну коэффициентінің төмендеуіне алып келетінін көрсетеді. Бұл құбылыс МВА арқылы орын алатын полимерлену дәрежесінің ұлғаюымен байланысты болуы мүмкін. МВА полимерлену деңгейін арттырады, ал бұл өз кезегінде полимер тізбектерінің жиырылып, кейіннен ретикуляция нүктесіне жетуіне себеп болады, нәтижесінде суды сіңіру қабілетіне әсер етеді.[311,312].[313,314] зерттеулерде алынған гидрогельдердің суды сорбциялау қасиетін зерттеу барысында осыған ұқсас нәтижелер алынған.




Сурет 22 – МСChydrogel-дің суда ісіну кинетикасы

Судың гидрогель бойына диффузиялану көрсеткіштерінің тәуелділік графигі мен мәндері 23-сурет пен 10-кестеде көрсетілген. МССНГ₁₀ үшін

диффузия константасы k $2,9 \cdot 10^{-1}$, Фик диффузиясы 1,3; МССНГ₁₅ диффузия константасы k $2,6 \cdot 10^{-1}$, Фик диффузиясы 0,58; ал МССНГ₂₀ диффузия константасы k $3,4 \cdot 10^{-1}$, Фик диффузиясы 0,89 тең болатындығы анықталды. Фик диффузиясымәні $n > 0,5$ болғанда судың гидрогельге ену жылдамдығы мен релаксация жылдамдығы қарайлас болады [315,316]. Бұл сорбциялау мен десорбция процесіне бақылау жасауға мүмкіндік беретіндігін білдіреді. Керісінше, Фик диффузиясымәні $n < 0,5$ болған жағдайда релаксация жылдамдығы үлкен мәнге ие болады да, гидрогель бойындағы суды жылдам шығарып жібереді [317]. Ал, Фик диффузиясымәні $n \geq 1$ кезде судың гидрогельге енуі мен релаксация жылдамдықтарын реттей отырып, судың керекті мөлшерін сорбциялауға мүмкіндік береді [318]. Осы зерттеудің нәтижесі бойынша барлық үлгілердің ішінде МССНГ₁₀-де Фик диффузиясы мәні $n \geq 1$ болды. Бұл, суды сіңіруін сыртқы орта факторларына қарай реттеуге мүмкіндік беретін суперабсорбент алуға тиімді құрам екендігін көрсетеді.

Кесте 10 – Сорбция кезінде МСС-ААм = 1:1 (масс.) n және k мәндері

Үлгілер	M_∞	n	k
МССНГ ₁₀	1191,09	1,3	$2,9 \cdot 10^{-1}$
МССНГ ₁₅	852,65	0,58	$2,6 \cdot 10^{-1}$
МССНГ ₂₀	942,29	0,89	$3,4 \cdot 10^{-1}$



Сурет 23 – Метиленбисакриламидпен тігілген микрокристалды целлюлоза және акриламид негізіндегі гидрогель ісінуінің логарифмдік тәуелділігі.


МСС:ААм (1:1) (масс.) матрицадағы мономердің құрамы.

1-МССНГ₁₀; 2-МССНГ₁₅; 3-МССНГ₂₀

5.5.2 МСChydrogel негізіндегі гидрогельдердің ісіну-жиырылу кинетикасына рН ортаның әсері

Ауылшаруашылығы мақсатында қолданылатын топырақтың рН = 3–9 аралығында жататындықтан [319], гидрогельдердің осы мәнге сай келетін модельдік рН ортадағы ісіну кинетикасы зерттелді. 24-суретте МССНГ₁₀, МССНГ₁₅ және МССНГ₂₀ гидрогельдерінің ісіну кинетикасының рН ортаға

тәуелділік қисығыкөрсетілген. Тігуші агенттің барлық мөлшерінде рН ортасы 3,5-4,5 аралығында гидрогельдің ісіну дәрежесі төмендеп, сорбциялық сыйымдылығының азаятындығы байқалды. Барлық гидрогельдердің ісіну дәрежесі бастапқы күйімен салыстырғанда шамамен 4% азайғандығы анықталды. Ал рН ортаның мәні 4,5-тен жоғарылай бастағанда ісіну дәрежесі артып, рН ортасының мәні 6,5-ке тең болғанда ісіну дәрежесі ең жоғары мәнге ие болды. Нақтырақ айтқанда, МССНГ₁₀-де ісіну дәрежесі 111%, МССНГ₁₅-те 104% және МССНГ₂₀-де 102% тең болды. Яғни, МСС негізіндегі гидрогель рН мәні бейтарап ортада суды жақсы сорбциялайтындығы анықталды. Тігуші агенттің концентрациясы артқан сайын рН ортадағы ісіну дәрежесінің азаюы байқалды. Яғни, МССНГ₁₀ – тігуші агенттің басқа мөлшерлеріне қарағанда ісіну дәрежесінің мәні үлкен екендігі байқалады. Бұл, рН>4 жағдайда гидрогель ішіндегі осмостық қысымның артып, карбоксилтобының диссоциациялану белсенділігі арта түсетіндігімен түсіндіріледі [320]. Ал, рН ортаның мәні артып, сілтілік ортаға қарай жақындаған сайын гидрогельдің сорбциялық дәрежесі азайып, коллапс процесі жүзеге асатындығы байқалды. рН=9 тең болғанда, гидрогельдің ісіну дәрежесі минимумға дейін азайып, шамамен бастапқы мәніне жақындайтындығы анықталды. Бұл МСС негізіндегі гидрогельдің рН ортаға сезімтал екендігін көрсетеді. Қазақстандағы топырақ рН-ның мәні 5-7 аралығында болып табылатындықтан, МССHydrogel-дерінің әртүрлі рН ортадағы оптималды ісіну дәрежесі осыған сәйкес келеді. Яғни, МССHydrogel-дері Қазақстанның ауылшаруашылық мақсатында қолданылатын жерлерде жұмыс жасай алатындығы белгілі болды.




Сурет 24 – МССHydrogel-дердің ісінуіне ерітіндінің рН әсері

5.5.3 МССHydrogel негізіндегі гидрогельдердің ісіну-жиырылу кинетикасына иондық күштің әсері

25-суретте МСС негізінде алынған гидрогельдердің әртүрлі концентрациядағы (0,001-1,0 mol/L) натрий хлориді ерітіндісіндегі ісіну кинетикасы көрсетілген. Ерітіндідегі NaCl концентрациясы артқан сайын

гидрогельдің ісіну дәрежесі азая беретіндігін көреміз. NaCl концентрациясы 0,001 mol/L мен 0,2mol/L аралығында гидрогель жылдам коллапсқа ұшырап, ісіну дәрежесі MCCHG₁₀ гидрогелі үшін 66%, MCCHG₁₅ және MCCHG₂₀ гидрогельдерінде 55% дейін азаятындығы анықталды. Гидрогельдердің натрий хлориді ерітіндісінде коллапсқа ұшырауы су белсенділігінің төмендеуі салдарынан геледегі су мөлшерінің азаюымен байланысты (25-сурет). Бұл құбылыс геледегі судың белсенділігі сыртқы ерітіндімен салыстырғанда жоғары болуына байланысты, нәтижесінде гель мен ерітінді арасында туындайтын химиялық потенциалдар айырмасы әсерінен су геледен сыртқа шығады. Электролит концентрациясы 0,2 mol/L-ден 1,0 mol/L аралығында гидрогельдердің ісіну дәрежесінің мәні үлкен өзгеріске ұшырамайды. Гидрогель ерітіндідегі иондарға қанығып, тепе-теңдік орнайды. Анықталған сандық мәндерді салыстыра отырып, MCCHG₁₀ электролиттің барлық концентрацияларында тігуші агенттің басқа мөлшерлерімен салыстырғанда коллапсқа аздау түсетіндігі анықталды. Бұл гидрогель тұздың электролиттік ертінділерінде пайда болатын эксосмос (ex-osmosis) әсерінен тізбектегі гидрофильді-гидрофобты балансы бұзылып, бірден жиырылуға ұшырайтындығымен байланысты болады [321,322]. Құрамында AAm бар биоыдрауға бейім гидрогельдердің электролиттік ортада коллапсқа ұшырайтындығы туралы [323,324] зерттеулерде анықталған. Сондықтан, осы зерттеу нәтижесінің басқа зерттеулерге сәйкес екендігін көреміз.




Сурет 25 – Бейорганикалық тұз концентрациясының MCCHydrogel-нің ісіну коэффициентіне әсері

5.5.4 MCCHydrogel негізіндегі гидрогельдердің ісіну-жиырылу кинетикасына органикалық еріткіштің әсері

Су-этанол және су-ацетон бинарлы ерітінділердің MCC негізіндегі гидрогельдің ісіну кинетикасына әсері 26a,b-суреттерде көрсетілген. Су-этанол қоспасында этанолдың үлесі 60% жеткенше гидрогельдің жиырылу

процесі қарқынды жүріп, ісіну дәрежесі MCCHG_{10} 85%, MCCHG_{15} 88% және MCCHG_{20} 91% дейін төмендеген. Этанолдың үлесі 100%-ға дейін жеткенше ісіну дәрежесінде өзгеріс байқалмады. Су-ацетон қоспасында да осыған ұқсас нәтиже алынды. Ісіну дәрежесі MCCHG_{10} 81%, MCCHG_{15} 88% және MCCHG_{20} 90% дейін төмендеп, коллапсқа ұшырайтындығы анықталды. [325,326] зерттеулерде осыған ұқсас нәтижелер алынып, полярлығы жоғары еріткіштердің гидрогельді құраушы мономерлер молекуласындағы карбоксил және гидроксил топтарымен әсерлесуі нәтижесінде пайда болатындығы айтылған.




Сурет 26 – Этанолдағы (а) және ацетондағы (b) MCChydrogel-дерінің ісіну кинетикасы

5.6 MCChydrogel негізіндегі гидрогельдердің физико-химиялық қасиеттері

5.6.1 Текстуралық талдау


